



ХАЛЫҚ ПЕН БИЗНЕС

газ бағасы 389 миллиард теңгеге субсидияланды

2



ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ – ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА

4



ОҚУШЫ КИІМІ

балаларға қонымды ма?

10

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №108 (6401) 12 қыркүйек, сәуірсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

АЛМАТЫЛЫҚ ОҚУШЫЛАР

Қазақстанның Гиннес рекордтар кітабына енді



Алматы – тоғызқұмалақ зияткерлік ойынының ордасы атанды

«Тоғызқұмалақ» күніне орай 2000-нан астам алматылық жоғары сынып оқушылары бір мезетте тоғызқұмалақ ойнап, Қазақстанның Гиннес рекордтар кітабына енді. Аталған іс-шараны Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Алматы қаласының тоғызқұмалақ зияткерлік қауымдастығы ұйымдастырды.

Дүниежүзілік және Республикалық тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әлихан Бәйменов Алматы қаласының тоғызқұмалақ зияткерлік ойынының ордасы болып таңдалғанын хабарлады.

Еске сала кетсек, 2020 жылы тоғызқұмалақ ЮНЕСКО шешімімен адамзаттың мәдени мұра тізіміне енгізілген болатын.

7

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

өзекті мәселеге айналды

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында жасыл экономикаға өту жайлы айтты. Жолдауда болашақта бүкіл әлем жасыл экономикаға сөзсіз өтетіні туралы атап өтті. Оның басты себебі – климаттың өзгеруі. Ендеше, әлемдегі климат қалай өзгеріп жатыр, оған қатысты қандай шаралар жүзеге асуда және Қазақстанның орны қандай деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.



БҰҰ МҮДДЕЛІ

Қазір әлемде болып жатқан экологиялық белсенділік жайлы күнде естиміз. Оған етіміз де үйреніп қалды. Жер-жерден эко-белсенділер климат өзгерісі мәселесін

көтеріп, наразылық акцияларын ұйымдастыруда. Шынында да, осындай мәселе қазір өзекті.

Грета Тунберг есімін көпшілігіміз естіген, не оқығанбыз. Ол Швециялық жас

экологиялық белсенді. Оның есімі 2018 жылы әлемге белгілі болды. Жас белсенді Швецияның парламенті алдында климаттың өзгерісіне қарсы әрекет етуді талап еткен.

3

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

12.09.2023

Түнде:



+14+16 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

13.09.2023

Түнде:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

ХАЛЫҚ ПЕН БИЗНЕС

газ бағасы 389 миллиард теңгеге субсидияланды



Мемлекет басшысы «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешовті қабылдады.

Президентке ұлттық компанияның биылғы бірінші жартыжылдықтағы негізгі қаржы-шаруашылық көрсеткіштері және газ саласын реформалау жұмыстарының барысы туралы есеп берілді. «QazaqGaz» ҰК» акционерлік қоғамы 2022 жылдың басынан бастап **Атырау, Маңғыстау облыстары мен Алматы қаласында** өз қаражаты есебінен сомасы 400 миллиард теңге болатын инвестициялық жобаларды іске асырғаны

жөнінде баяндалды. Былтыр жыл басынан бері ұлттық компания халық пен бизнес үшін газ бағасын 389 миллиард теңгеге субсидиялады. Осы кезеңде 450 мыңға жуық қазақстандық табиғи газға қол жеткізді.

Мемлекет басшысына газ тапшылығы мәселесінің шешілуіне қатысты, газ саласының орта мерзімді стратегиясын жүзеге асыру, газ өңдеу қуатын ұлғайту және елімізді одан әрі газбен қамтамасыз ету перспективалары жөнінде мәлімет берілді, газдың ресурстық базасын кеңейту жұмыстары туралы да баяндалды. Санжар Жаркешовтің айтуынша, қабылданған шаралар алдағы күзгі және қысқы кезеңде Қазақ-

станда табиғи газбен артығымен қамтамасыз етеді, 2023 жылдың соңына дейін жаңа Анабай газ кен орны іске қосылады, сондай-ақ Придорожное кен орнын игеруге дайындық басталды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ішкі нарыққа газ жеткізуді тұрақты түрде қамтамасыз етуге, жылыту маусымына уақытылы дайындалуға, үнемді тұтыну тұжырымдамасын енгізуге және баға белгілеу ісін реформалауға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

● АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

Алматыдан 1500-ге жуық азамат шақырылады




Гүлжанат
СЕМБАЕВА

1 қыркүйектен бастап азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақырудың күзгі науқаны басталды. Шақыру 31 желтоқсанға дейін жалғасады. Жергілікті атқарушы органдардың шақыру пункттерінде 195 қалалық және аудандық шақыру комиссиясы жұмыс істейді.

Елімізде азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жылына екі рет, наурыздан маусымға дейін және қыркүйектен желтоқсанға дейін жүргізіледі. Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, қазіргі кезде әскерге шақыру комиссияларының жұмысына сарбаздардың аналары мен қоғамдық комитет өкілдері қатысады. Биыл күзде барлығы 19 мыңнан астам адам әскерге алынады деп отыр. Қарулы күштер қатарына 8 мыңның үстінде, Ұлттық ұланға – 6 мың, ҰҚК Шекара қызметіне – 3 мың, Мемлекеттік күзет қызметіне және Төтенше жағдайлар министрлігіне – 300 азамат шақырылады.

Мегаполисте 600-ден астам тұрғын әскери жиынға шақырылды.

Отбасылық жағдайына байланысты (бір және одан да көпбалалы отбасыда некеде тұрған, мүгедектері бар отбасы мүшесін күтумен айналысатын), қашықтан оқытуды қоспағанда, оқу кезеңінде білімін жалғастыру үшін, шақыру комиссиясының шешімімен денсаулық жағдайы бойынша, басқа себептер бойынша (педагогтарға, құқық қорғау органдарына келіп түсетін дәрігерлерге, депутаттарға, ұшу экипаждары мен кемелерінің мүшелеріне қатысты анықтау жүргізіледі) әскерге шақыру кейінге қалдырылады.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дәуренбек ШЕГЕБАЕВ, Алматы қаласы Қорғаныс істері департаментінің заң қызметінің басшысы, подполковник:

– 2023 жылғы көктемгі шақыру қорытындысы бойынша 1200-ге жуық азамат шақырылды. Биылғы күзгі шақыруда 1536 адамды ҚР ҰҚК Шекара қызметіне, ҚР Қарулы Күштеріне, Мемлекеттік күзет қызметіне, ТЖМ-ге және ҚР ПМ Ұлттық ұланына шақыру жоспарлануда.

18 бен 27 жас аралығындағы ҚР азаматтарын шақыру соттылықтың жоқтығын, денсаулық жағдайының сәйкестігін, психологтың ұсынымын және кәсіптік білімі бар азаматтарды ескере отырып, жергілікті атқарушы орган құрған шақыру комиссиясының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Биылдан бастап мерзімді қызметтің әскери қызметшілері үшін грант бойынша жоғары оқу орындарына түсу, ҰБТ тапсыруға қарамастан түсу, емтихансыз әскери жоғары оқу орындарына түсу сияқты жеңілдіктер бар. ҚР Қорғаныс министрі 1500 сарбазға тегін оқуға сертификаттар табыс етті. Бұдан басқа, жеңілдіктер тізімінде мерзімді қызмет әскери қызметшісінің қызмет ету кезеңіне екінші деңгейдегі банктердегі кредиттер бойынша сыйақы сомасын есептеуді тоқтата тұру да бар.

Алматының қорғаныс департаментінде мектептердегі әскери комиссариат қызметкерлерімен бірлесіп, «Ерлік сағаты» сабақтары өтуде.

● БАЙЫПТАМА

Қазақстан фискалды тұрақтылық пен сыртқы қарыздың төмен деңгейін сақтау арқылы ТМД елдері арасында инвестициялық рейтингі бар жалғыз мемлекет статусын сақтап келеді. S&P бізге растап отырған «BBB-» инвестициялық рейтингтің ең төменгі сатысы болып саналады. Бірақ өз аймағымызда тіпті мұндай рейтинг ешкімде жоқ және біздің РДЭ болжамымыз «тұрақты» статуста.

ЭКОНОМИКАДАҒЫ ЖОЛАЙРЫҚ:

Қазақстан қайда барады?

Халықаралық инвесторлар мемлекеттің өз сөзіне емес, S&P сияқты агенттіктерге ғана сенетіндіктен, «Қазақстанға көп болмаса да аздап инвестиция салуға болады» деген түсінік бар екені рас. Бірақ жағдай құбылмалы болғандықтан, әрі еліміздің сырттағы мұнай бағасына тым тәуелді екенін еске сақтайтын инвесторлар көп жағдайда қысқа мерзімді, тез ақша салып, тез арада аздаған кіріс алып кетуге болатын инвестицияларды көбірек тандайды. Ал ондай инвестиция бізде тек екі бағытта ғана мүмкін: біріншісі – пайдалы қазбалар, екіншісі – теңгелік мемлекеттік/квзимемлекеттік облигациялар.

ФИСКАЛДЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ДЕГЕН НЕ?

Осы сөзді Қазақстанға суверенді рейтинг бекітіп жатқан агенттіктер өз шешімін түсіндіргенде жиі келтіреді. Олар фискалды тұрақтылық деп сыртқы резервтің бар болғандығын (Ұлттық қор), сыртқы қарызымыздың ішкі жалпы өнімге шаққандағы үлесінің төмендігін, жинайтын салық пен бюджеттік шығыстардың арасында пайда болатын бюджеттік дефицитті өз күшімізбен – яғни Ұлттық қордан ақша алып, қалғанын ішкі қарыз есебінен жабатындығымызды айтады. Яғни біз жыл сайынғы бюджеттік дефицитті шет мемлекеттерден немесе халықаралық қорлардан қарыз алып жауып отырған жоқпыз.

Бірақ осы рейтингті жоғалтып алу қаупі бар. Мұнай экспортының жыл сайын төмендеуі мен бюджеттік дефицит көлемі белгілі бір шектен асып кетсе, біз BBB-ден айырыламыз.

Қазір S&P аналитиктері 2023 жылы Қазақстандағы экономиканың өсуі шамамен 5%, ал инфляция деңгейі 14%-ды құрайды деп отыр. Сонда 2023–2026 жылдар кезеңінде ішкі жалпы өнімнің орташа өсімі 4% болады. Ал Ұлттық Банктің оптимистік сценарийінде экономиканың нақты өсуі 2023 жылы 4,5–5,5%, 2024 жылы – 5–6%, 2025 жылы – 4,5–5,5% деп көрсетілген.

ҚАЙ ЖОЛДЫ ТАҢДАЙМЫЗ?

Бізге көп тәуекелге бармай-ақ, осылай фискалды тұрақтылықты сақтап, инфляцияны 10–11% деңгейінде ұстап, экономиканы жылына 4 пайызбен өсіріп жүре беруге болады. Бұл – тыныш жол. Және осылай жүріп келдік.

Екінші жол – серпінді, бірақ тәуекелі де көп жол. Мемлекет басшысы қойып отырған экономиканы 5 жылдан кейін 450 миллиард долларға жеткізу тапсырмасы Қазақстанда осы екінші жолға түсіруі мүмкін. Қарқынды өсу үшін тәуекелге барып, бір шешімді аяғына дейін жасауға тура келетін болады. Мұндағы біз үшін басты қауіп – инфляция болып тұр.

Бірақ ештеңе істемесек, экономиканы қалай өсіреміз? Шынымен де, бізге бір экономикалық идеология моделіне тоқтау қиын болып тұр. Себебі, күмән көп.

Айбар
ОЛЖАЕВ,
сарапшы.





САРАПТАМА

«ҮЛКЕН ЖИЫРМАЛЫҚТАҒЫ» ҮЛКЕН ОЙЫНДАР:

Үндістан G20 диалог алаңын сақтап қала алды ма?

Өткен демалыс күндері Үндістанның орталық қаласы Жаңа-Делиде «Үлкен жиырмалық» (G20) саммиті өтті. Онда әлемнің алдыңғы 20 ірі экономикасы саналатын елдер бас қосты. Әрі әлем дөп келген бірқатар мәселелер бойынша пікір ортақтығын табуға тырысып бақты. Тақырыптар легінде климат өзгерісі, жаһандық экономикалық қиындықтар және Украинадағы қақтығыс мәселелері де бар болатын. Анығында, бұл тақырыптарға қатысушы елдердің пікірі сан алуан, ұстанымдары алшақ-тын. Соған қарамастан ұйымдастырушы тарап қиыннан жол тауып, қисынын келтіріп, ортақ декларацияға қол қойдыра алды. Жалпы, жиын қорытындысына қарағанда, топ 20 мүшелері елеулі де елеусіз бұл декларация арқылы әлемдегі ең ірі пікір алмасу алаңын сақтап қалғандай болды. Сонымен, Жаңа-Дели жиналысы не түйді? G20 не шешті? Үлкен үстел басында қозғалған тақырыптарды таратып көрмек ләзім.

ҮНДИСТАН ҚИЫННАН ҚИЫСТЫРА АЛДЫ

«Үлкен жиырмалық» саммиті үлкен диалог форматы ретінде 1999 жылдан бері жалғасып келеді. Содан бері топ 20 елдің өкілдері экономикалық саясатты үйлестіру дейтін асқақ арман төңірегінде жыл сайын топтасып жатады. Тұрасын айту керек, бұл форматтағы кездесулерде көбінде ортақ консенсусқа қол жеткізіп, бірлескен декларация жариялап жатқанымен, оның бәрін бірдей орындау міндетті саналмайды. Оның үстіне, соңғы жылдары әлемдегі күрделі геосаяси жағдайлардан кейін бұл саммиттің болашағына деген күмән күшейе түскен. Себебі, «Үлкен жетілік» саммиті бұдан көрі пәрменді. Ал оған кереғар күйде Ресей мен Қытай бастап БРИКС-тің ықпалын тебінді арттыруда. Тіпті, бұл жаңа ұйым алдағы уақытта G20 мүшелері арасынан өз жақтастарын көбейтуді көздеп отыр.

Тап осы тұста Жаңа-Дели сауын айтып шақырған «Үлкен жиырмалық» жиынына артылған үміт пен айтылған сын аз емес еді. Әу баста саммиттің күн тәртібінде климаттың өзгеруі, экономикалық даму және табысы төмен елдердің қарыз ауыртпалығы, сондай-ақ Украинадағы қақтығыстан туындаған инфляция мәселесі тұрды. Осылардың ішінде Ресей–Украина тақырыбы қатысушы елдер үшін ең бір нәзік тақырып болатын. Бұған байланысты тараптардың ортақ пікір табуы қиын екені де белгілі еді.

Бірақ Жаңа-Делидің ұсынған декларациясының мазмұны Ресейдің Украинадағы әрекетін айыптаудан аулақ болды. Сөйте тұра, қақтығыс салдарынан адами зардап шегудің ауырлығын қатаң сынға алынып, топ 20 елдерді аумақты басып алу үшін күш қол-

данбауға шақырды. Осылайша «өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай» ұсынылған декларация көп тараптың көңілінен шыққандай болды.

ӘР ТАРАПТЫҢ АЙТҚАН СӨЗІ

Декларация мазмұнына қатысты әрі мүшелердің пікірі түрліше болса да, негізінен ортақ пікір тізгінін ұстап қалғандарына ризашылық бар. Қанша жерден кереғар ұстанымдағы елдер қайшы келіп тұрса да, мәселені қақтығыс алаңына емес, келіссөз үстеліне тартатын бір жол керек.

Кезекті саммит және ондағы декларация жайында тараптардың мәлімдемелері халықаралық жиынның мазмұнын осы жағынан түсіндірсе керек. Айталық, Ресей Сыртқы істер министрі Сергей Лавров бұл саммитті дамушы елдер үшін табысты болды деп мәлімдеді, әрі Үндістан шынымен де «Жаһандық Оңтүстікке» (Global South) мүше мемлекеттердің бірлігін нығайтты деп бағалапты.

Бұнымен қатар, Ақ үйдің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Джейк Салливан саммит декларациясындағы күш қолдануға қарсы тұсына басымдық бере сөйлепті. Яғни кез келген ел аумақты иемдену немесе аумақтық тұтастыққа, егемендікке немесе саяси тәуелсіздікке қол сұғу үшін күш қолдана алмайды деген қағиданы ұсыну аса табысты қадам деп көрсетіпті.

Германия мен Британия тарабы да қарарды оңды бағалайды. Франция президенті Эммануэль Макрон жексенбідегі лебізінде G20 халықаралық экономикалық мәселелерді шешу үшін құрылғанын баса айта келіп, Украина тақырыбы бойынша дипломатиялық прогресс күтілетін алаң еместігін растайды.



Дегенмен, G20 декларациясын Ресейдің дипломатиялық жеңісі емес дегені де бар.

Жапония премьер-министрі Фумио Кисида болса, Ресей мен Украина тақырыбы G20-ның ірге тасын бүлдіруі де мүмкін деп алаңдайды. Себебі, көп тарап осы мәселеге қатысы алаңдаған. Тіпті, былтырғы Бали саммитінде Мәскеу ашық айыпталғаны үшін ұйым елдерінің кезекті жиынының нәтижесіне деген күмәні де күшейген болатын.

АЛАБӨТЕН ПІКІР МЕН АЛШАҚ ҰСТАНЫМДАР АЛАҢЫ

Бұған дейін де әлемдік ақпарат кеңістігі кеңінен талқылаған, яғни Ресей мен Қытай басшылары аталмыш жиналысқа қатыспады. Сондықтан да саммитте жалпы басымдық АҚШ пен оның батыстық одақтастарының тарапында қалатыны анық болатын. Дегенмен, біз осы «Үлкен жиырмалық» саммитіне балама тағы бір ауқымды келіссөз алаңының қысқа уақытта боп көтеріп келе жатқанын байқап отырмыз. Қытай мен Ресей ортақ ұстанымдарына сай келетін БРИКС саммиті жақында ғана өзінің іргесін топ 20 елдері арасынан кеңейтетінін анық байқатты. Жақындағы жиынында аталмыш ұйым Сауд Арабиясы, Иран, Эфиопия, Мысыр, Аргентина және Біріккен Араб Әмірліктерінің қосылуын мақұлдады. Бұған дейін құрамында Қытай, Ресей, Үндістан, Бразилия және Оңтүстік Африка елдері болған еді.

Бұған қарап «Үлкен жиырмалықтың» іргесі сетініп жатыр деуге тағы келмес. Себебі, осы саммитте 55 мүшеден тұратын Африка одағы G20-ның тұрақты бір мүшесі ретінде қабылданды. Бұл қалайда осы диалог алаңының ауқымын сақтап қалуға, әрі консенсус орталығы етуге деген үмітті арттыра түскендей болды.

Шын мәнінде, ешкімнің шымбайына тимейтін бір ортақ пікірге келісім ұсыну үлкен диалог алаңында оңай жүзеге аса бермесі анық. Себебі, әлемнің экономикалық алға ілгерлеуінде осы топ 20 мүшелерінің қай-қайсысы да белгілі деңгейде салымға ие. Олардың ұстанымындағы, көзқарасындағы алшақтық барған сайын ұлғайып бара жатқаны тағы бар. Рейтер агенттігі жиынның соңғы күні өзінің дереккөздеріне сілтеп, ортақ декларация талқылау соңғы минуттарға дейін қызу жүргенін жазды. Осының өзінен де көп нәрсені аңғаруға болады. Бұдан біз ірі ойыншылар үлкен диалог алаңдарын өз мүддесіне бейімдеуге күш салып жатқанын байқаймыз.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

өзекті мәселеге айналды

(Басы 1-бетте)

Климаттың өзгерісіне қарсы БҰҰ деңгейінде де шаралар қолданылады. Арнайы комитет те бар. Ұйымның көлемінде саяси-құқықтық негіз де қалыптасқан. Ең негізгі бастамалар 1990 жылдары қолға алынды. Одан кейін 2015 жылғы Париж келісімі бұл жұмысқа жаңа серпін берді. Келісімнің басты мақсаты – әлемдегі парниктік газдардың көлемін төмендету. Сол арқылы ғасырымыздың соңына дейін атмосфералық ауаның температурасын 2 градусқа дейін өсірмеу.

Ауаның ластануы жайлы зерттеу орталықтары да дабыл қағуда. Мысалы, Швейцариялық IQAir компаниясының 2022 жылғы есебінде әлемнің тек 5% елінде ғана ауа таза. Оларға Аустралия, Эстония, Финляндия, Гренада және Исландия енеді. Соларда ғана ауадағы зиянды элемент РМ2,5 мөлшері аз. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының көрсетуінше оның көлемі жылына 5 мкр/м3-тан аспауы тиіс. Соған сәйкес әлемдегі ең лас елдер қатарына Чад (89,7 мкг/м3), Ирак (80,1 мкг/м3), Пәкістан (70,9 мкг/м3) және Бангладеш (65,8 мкг/м3) кіреді. Ал әлемдегі ең лас қалалар қатарында Лахор (Пәкістан), Хотан (Қытай), Бхивади (Үндістан), Дели (Үндістан) және Пешавар (Пәкістан) бар.



НЕ КЕДЕРГІ?

Бүгінгі күні Париж келісіміне 194 мемлекет қол қойған. Алайда, әлем елдерінің саяси жігері жеткіліксіз болғандықтан әлі күнге дейін айтарлықтай нәтиже болмай тұр. Оған түрлі факторлар әсер етеді. Екі дилемма бар. Бірі экономикалық, екіншісі экологиялық. Экологиялық бастамалар, яғни жасыл экономикаға өту көптеген елдер үшін экономикалық тұрғыдан тиімсіз. Оның үстіне әлемде геосаяси, геоэкономикалық текетірес бар.

Мұның жарқын мысалы Дональд Трамп президент болған тұстағы Америка Құрама Штаттары. Ол билікке келісімен Париж келісімінен АҚШ-ның шығатынын мәлімдеді. Мұндай мәлімдемені 2017 жылдың 1 маусымында жариялаған болатын. Себебі, келісімнен шығу бастамасы оның сайлауалды бағдарламасында бар-тұғын. Бұл арқылы сайлауда пайдалы қазбаларды өндіретін америкалық компаниялар мен ондағы жұмысшылардың дауысын алуға тырысты. Осылайша 2020 жылы 4 қарашада олар келісімнен толық

шықты. Алайда, Джо Байден билікке келісімен АҚШ қайтадан Париж келісіміне оралды. Осындай шешім де оның сайлауда жеңіске жетуіне себепкер болды. Себебі, Америкада да экологиялық белсенділік жоғары.

Тағы мысал ретінде Үндістанның экономикалық саясатын атап өтсек болады. Жоғарыда біз ең лас қалалардың ішінде Үндістанның екі қаласын атап өттік. Алайда, мәселе мұнымен шектелмейді. Әлемдегі 50 ең лас қаланың 39-ы Үндістанға тиесілі. Оған әлемнің өндірістік орталығы боламыз деген экономикалық саясаты себеп болып отыр.

АТҚАРАР ІС КӨП

Қазақстан Париж келісіміне 2016 жылы қол қойды. Президенттің 20 шілдедегі Жарлығымен қол қойылған келісім 4 қарашада ратификацияланды. Бұл еліміз 2030 жылға қарай ауаға тарайтын зиянды СО-2 көлемін 328 млн тоннадан асырмау керек дегенді білдіреді.

EDGAR деп аталатын Еуропалық зерттеу мәліметі бойынша Қазақстан парниктік газдарды шығарудан ТОП-20 елдің құрамына енеді. Сарапшылар мұндай қорытындыға 1970–2018 жылдардағы мәліметтерді зерттеу арқылы келген. 1990 жылы жылына 381,7 млн т СО-2 бөлінсе, 2020 жылы 351,2 млн т болған. Ең жоғары көрсеткіш 2018 жылы тіркеліп, 401,7 млн тоннаны құраған. Тәуелсіздік тарихындағы ең төмен көрсеткіш 1999 жылы 235,9 млн тоннаны құрады. Сарапшылар ауаның ластануы-

ның бірнеше себептері бар дейді. Ең басты сала «Энергетика». 2020 жылы ластанудың 75% осы салаға тиесілі екен. Олар жағдайды реттеу үшін энергияны қолданудың тиімді, үнемшіл жолдарын іздестіруді ұсынған. Бұл былғы Жолдаудағы экономикалық модельдің үнемшілдік өзегіне сәйкес келеді. Одан кейінгі орында «Өнеркәсіп» саласы. Сол жылы 22%-дан астамы осы салаға тиесілі болған. Бір қызығы, ауыл шаруашылығынан да ауа ластанады. Ғалымдар бұл саланы барынша ақылды басқару мен диверсификация жасауға кеңес берген.

Мұның бәрін жүзеге асыруға қауқарымыз жетеді. Әлемдік сарапшылар да осылай дейді. Notre Dame-Global Adaptation индексі бойынша 2019 жылы еліміз 40-орынды иеленген. Ал 2021 жылы 36-орынға көтерілді. Бұл индекс елдердің климаттың өзгеруіне бейімделу деңгейін есептейді.

Оның үстіне Париж келісіміне қол қойғандықтан, жауапкершілік те алдық. Ол міндеттерді жүзеге асыруға саяси-құқықтық негіз де бар. 2021 жылы жаңа «Экологиялық кодекс» қабылданды. Ауадағы көмірсутекті азайту бағытында 2060 жылға дейінгі стратегия да қабылданды.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚҰНЫ –
100 ТЕНҒЕАлматыда ақылы
автотұрақтар
қайта жұмыс істей
бастадыБиыл 11 қыркүйектен
бастап Алматы қаласының
Медеу ауданындағы
автотұрақтарға ақы төлеу
жүйесі іске қосылды. Бір
сағаттың құны – 100 теңге.

Тротуар түріндегі автотұрақтар 2023 жылғы 15 шілдеден 2023 жылғы 11 қыркүйекке дейін тегін болды. Өйткені, ақылы тұрақтардың жаңа бірыңғай операторы – «Алматы паркинг» бағдарламалық қамтамасыз етуге қосылмаған.

Медеу ауданында жаңа жаңартылған ақпараттық тақтайшалар бойынша барлығы 12 тұрақ аймағы жұмыс істейді. Оның ішінде 4828-і тротуар тұрағы, 360-ы мүгедектерге арналған орын. Ақылы автотұрақтың жұмыс режимі – күн сайын сағат 8.00-ден 19.00-ге дейін. Көкбазар маңындағы №6547 тұрақ аймағының тарифі сағатына 150 теңге.

АВТОТҰРАҚ ҮШІН ТӨЛЕМДІ
БЫЛАЙ ЖАСАУҒА БОЛАДЫ:– «Алматы автотұрақтары»
мобильді қосымшасы арқылы минутына.
Бұл қосымшаны телефонға Play Market
және Apple Store дүкендерінен жүктеуге
болады;– almaty-parking.kz сайты арқылы;
– [Kaspi.kz](https://kzsp.kz) мобильді қосымшасы
арқылы ақпараттық тақтадағы QR-код
бойынша.Естеріңізге сала кетейік, бұрынғы А-
Parking операторы 2023 жылдың 15 шілде-
сінен бастап ақылы автотұрақтарға қызмет
көрсетуді тоқтатты. Автотұрақтарға қызмет
көрсету бойынша барлық өкілеттік Алматы
әкімдігіне, атап айтқанда Алматы қалалық
Мобильділік басқармасының «Алматы
паркинг» шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына
берілді. Жерге актілер әр аудан бойынша
жеке дайындалады, осыған байланысты
ақылы коммуналдық тұрақтарды іске қосу
кезең-кезеңімен жүргізіледі.Жаңа ақпараттық тақталарда оператор,
аймақ нөмірі, тұрақ уақыты және төлем
әдістері көрсетіледі. Бірінші Медеу аудан-
ында басталды. Жыл соңына дейін қаланың
қалған аудандарында, нақтырақ айтсақ,
Алмалыда – 9 қазан, Бостандықта – 23 қазан,
Түркісіб және Жетісу аудандарында –
6 қараша, Әуезов, Алашау, Наурызбай аудан-
дарында – 2023 жылғы 25 желтоқсанына
дейін қосу жоспарланып отыр.ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ –
ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДАШаһар басшысы үздіксіз жылумен жабдықтау үшін Южная қазандығын
реконструкциялауды аяқтауды тапсырдыАлматы қаласының әкімі
Ерболат Досаев жұмыс
сапары аясында Бостандық
ауданындағы Южная
қазандығының
реконструкциялау
нысанымен танысты.Сонымен қатар, Бостандық ауданының
тұрғындарын электр қуатымен қамтамасыз
ететін «Алмагүл» қосалқы станциясына
барды. Басты мақсат – инженерлік инфра-
құрылым нысандарының алдағы жылыту
маусымына дайындығын тексеру.Алғашқы нысанда мегаполис басшысы
Алматы қаласындағы Южная аудандық
қазандығын қайта жаңарту барысын
тексерді. Жоба аясында 3 ескі су жылы-
татын қазандық жаңаланып, 1 қазандық
күрделі жөндеуден өтеді.Қалалық энергетика және сумен
жабдықтау басқармасының басшысы
Талғат Малыбаев әкімге қазір барлық
технологиялық жұмыс аяқталғанын, газ
құбырларын, түтін мұржаларын оқшау-
лауды, мазут сақтау резервуарларын
қоршауды, монтаждауды, сонымен бірге
іргелес аумақты абаттандырудың, іске
қосу-реттеу жұмыстарының жалғасып
жатқанын айтты.Ерболат Досаев Энергетика және
сумен жабдықтау басқармасы басшы-
лығының назарын мердігер ұйымның
жұмыстарды аяқтаудың бұрын бұзылғанмерзіміне аударып, биыл 1 қазаннан
кешіктірмей нысанның 100% дайын
болуын қамтамасыз етуді тапсырды.Анықтама үшін айта кетсек, бұған
дейін жобаның аяқсыз қалуына жол бермеу
үшін әкімдік «Силумин-Восток» ЖШС
жеткізушісі ұсынған 5 сәйкес келмейтін
желілік сорғыны ауыстыру жөнінде жедел
шаралар қабылдаған болатын. Себебі,
желілік сорғылардың электр қозғалт-
қыштарының тез қызып кетуіне байла-
нысты түйткілдер туындаған. Мәселен,
2022 жылы әкімдік қазандықты рекон-
струкциялау жөніндегі жұмыс жобасы
аясында орнатылған бес желілік су
сорғысы үшін төленген соманы қайтару
үшін Алматы қаласының МАЭС-не талап
арыз берді. Осыған байланысты мердігер
ұйымнан төленген желілік сорғылар үшін
жергілікті бюджеттің кірісіне жоғарыда
көрсетілген соманы өндіріп алу үшін сот
процесі жүргізілді. Бүгінде бұл іс Энер-
гетика және сумен жабдықтау басқарма-
сының пайдасына шешілді, сот шешімі
күтіліп отыр.«Бостандық ауданында қазандықты
реконструкциялау жобасы аяқталып
келеді: қуаты 55 Гкал-сағатқа артты,
190 Гкал-сағатқа жетті. Бұл қаланың
оңтүстік бөлігін, 200 мың тұтынушыны,
соның ішінде әл-Фараби даңғылынан
төмен Газарин, Розыбакиев, Жароков
көшелеріндегі жаңа тұрғын үй кешендерін
үздіксіз жылумен және ыстық сумен
қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», –
деп Ерболат Досаев мердігер ұйымға
келесі аптадағы аралық қорытынды
туралы баяндауды тапсырды.Қала әкімі құрылыс-монтаж жұмыс-
тарын орындау сапасына қатысты
біркатар тапсырма берді. Бұл іс тұрақты
түрде бақыланып тұру керектігін айтты.Шаһар басшысының келесі аялдаған
нысаны биыл 1 тамызда пайдалануға
берілген «Алмагүл» жаңа подстанциясы
болды. Жаңа нысан 100 мВт қуатқа артты.
Подстанцияның басты міндеті – қазіргі
және жаңадан салынып жатқан тұрғын үй
кешендерін қосқанда 200 мыңнан астам
тұтынушыны қамту. Қазіргі таңда комму-
налдық қызметтер «Алмагүл» шағын-
ауданы, әл-Фараби – Жароков – Өтепов –
Розыбакиев көшелерінің шаршысындағы
осы подстанцияға тұрғын үй кешендерін
қосу бойынша жұмыстарды аяқтады.Жаңа подстанциядан тарату пункт-
теріне қуат беру үшін ұзындығы 10,2 км
10 кВ кабельдік желілердің трассасы
салынғанын атап өткен жөн, сонымен
бірге осы қосалқы станцияға 110 кВ
электрмен жабдықтаудың 4,8 км кабельдік
желісін төсеу аяқталды.Қазір «АЖК» секцияларда кабельдерді
қосу және тұтынушылардың жүктемесін
бөлу жөніндегі іс-шараларды қолға алған.
Жұмыс кестеге сәйкес жүргізіледі.Инженерлік инфрақұрылым нысан-
дарын аралау қорытындысы бойынша
Алматы қаласының әкімі қаланың алдағы
жылыту маусымына дайындығы мәселесі
ерекше бақылауда екенін атады. Комму-
налдық кәсіпорындардың өкілдері барлық
жұмысты бекітілген кестеге сәйкес
аяқтауға тиіс.

ДЕНСАУЛЫҚ

ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

«Мамыр-5» шағынауданындағы емхананың 200 адам
қабылдайтын жаңа филиалы ашылдыАлматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
жұмыс сапары барысында ағымдағы жылдың
қыркүйек айынан жұмыс істей бастаған №18
қалалық емхананың жаңа филиалына барды.Емхананың жаңа ғимаратқа көшуі «Мамыр», «Дубок»,
«Таугүл-3» шағынаудандарының 20 мың тұрғыны үшін
қуанышты жаңалық болды. Айта кетейік, бүгінге дейін
емхананың барлық филиалына жұмыс артығымен жүктелген
еді. Бұған дейін 2018 жылдан бастап тұрғындардың біразына
60 шаршы метрлік пәтерде орналасқан амбулаторияда қызмет
көрсетілген. Ерболат Досаев медициналық кабинеттерді көріп,
қажетті техникамен жабдықталғанын тексерді, дәрігерлермен
цифрлық кезекті талқылады және емханадағы қызметтердің
сапасы мен ыңғайлылығы жөнінде келушілермен әңгімелесті.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ШЖК «№18 қалалық емхана» КМК бас дәрігері Сәулет
Қыдырбекова филиалдың ауысымы 200 келушіге арналғанын
айтты. Жаңа ғимаратта бейінді мамандардың 35 кабинеті,
дәрігерге дейінгі тексеру, скрининг және күндізгі стационар
қарастырылған. Барлық кабинет заманауи жабдықтармен
жабдықталған, УДЗ, ЭКГ, аудиограф, кольпоскоп аппараты
және білікті медициналық-санитарлық көмек көрсету мен
кеңес беру үшін қажетті өзге де құрылғылар бар. №18 емхана
алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибе негізінде әзірленген
алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің жаңа
бірыңғай стандартына сәйкес келеді. Бұл стандарт меди-
циналық көмек көрсету регламенттеріне, жобалық-техно-
логиялық шешімдерге, цифрландыруға және емханалардың
менеджментіне қолжетімділік, сапа, технологиялық және
жайылық сынды 4 негізгі критерий бойынша түбегейлі
өзгерістер енгізуге негізделген.Емхана тұрғын үйлерден жаяу бара алатындай жерде
орналасқан және автокөліктің барлық түріне, соның ішінде
қоғамдық көліктерге ыңғайлы кірме жолдары бар. Биыл
Алматыда Жетісу және Әуезов ауданында барлығы 2 жаңа
емхана ашылды, сонымен қатар, 2023 жылдың соңына дейін
аяқтау жоспарға енген 4 отбасылық дәрігерлік амбулаторияның
құрылысы басталды. Қазіргі уақытта 11 емхана мен отбасылық
амбулаторияға ЖСҚ әзірленіп жатыр. Қолданыстағы 10 ірі
көпсалалы стационар мен перзентхана салу және жаңғырту
жөніндегі кешенді бағдарлама басталды.Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



Досалы САЛҚЫНБЕК,
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нің профессоры:

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН КӨТЕРУ – ЕЛДІК МҰРАТЫМЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты республика халқына арнаған кезекті Жолдауында қазіргі таңдағы әлемді шарпыған күрделі геосаяси ахуал мен жаһандық экономика жағдайына шолу жасай отырып, осындай алмағайып кезеңде еліміздің қатардан қалмай өз орнын табуы мен тұрақты дамуы жағдайындағы «Жаңа экономикалық» үлгі моделіне көшу қадамдарымыздың басты бағыттарын атап көрсетті.



Еліміздегі жүргізіп жатқан саяси реформаны одан әрі әлеуметтік-экономикалық реформамен ұштастыру қажеттілігін басты міндет етіп қойған Мемлекет басшысы ел экономикасындағы «мұнай-газ, көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару» салалары бойынша шикізаттық бағыттан өңдеуші, өңделген өнім шығарушы елге айналу басымдықтарына тоқталды. Дүниежүзілік сауда ұйымының есептеріне сүйене отырып, экономикалық саладағы ішкі нарықты қорғау деңгейіміздің төмендігін алға тартқан Мемлекет басшысы сауда-саттық саясатымызда ішкі нарықты қорғау жолында жаңа іс-әрекеттер мен отандық бизнестің мүддесін қорғау қажеттігіне басымдық беру керектігіне тоқталып өтті.

Елімізде қордаланған мәселелер жеткілікті. Соның бірі деп айтсақ болады, ол – еліміздің экологиялық жағдайы. Отандық және шетелдік өнім өндіруші кәсіпорындардың басым бөлігі шикізат көзін игерумен айналысады. Және олардың табиғат байлықтарын «жыртқыш» секілді қоршаған ортаға аса зор зиянын тигізіп өндіруі табиғатқа да, сол аймақты мекендеуші халқымыздың денсаулығына да үлкен зиянын тигізіп отырғанын орынды көрсеткен Мемлекет басшысы «ірі өндіріс кәсіпорындарына 5 жыл сайын технологиялық және экологиялық аудит жасауы керек» деп міндеттеді. Бұл экологиялық талаптарды сақтамай, білгенін жасап жатқан өндіріс орындарының алдына қойылған өте орынды талап деп есептейміз.

Мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында қарулы күштеріміздің айрықша орын алатыны белгілі. Осы уақытқа дейін әскери техника саламыздың тоқсан пайызға жуығы Ресей әскери техникаларымен жабдықталып келгені тағы да белгілі жағдай. Қазіргі таңда әлем назарын аударып отырған Ресей мен Украина арасындағы соғыста, Ресей әскери техникасының әлеуеті

байқалып қалды. «Тағы бір маңызды мәселе – қорғаныс – өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайту. Бұл сала дамыған елдердің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде басты рөл атқарады. Осы орайда, импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретін, жергілікті өнім үлесі жоғары өндіріс кешенін құру – аса маңызды міндет. Біздің армиямыз жоғары технологиялы қару-жарақпен және әскери техникамен, соның ішінде бронды техникамен, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарымен, қазіргі заманғы атыс қаруларымен жабдықталуға тиіс» деп атап көрсетіп, әскери қарулы күштерімізді түбегейлі реформалау, әлемнің озық елдерінде бар заманауи қару-жарақтармен қамтамасыз ету кезек күттірмей атқарылуға тиіс шаралар екендігіне айрықша тоқталды.

Республикамыз шикізат көзіне бай болумен қатар, агроөнеркәсіп өндірісінде алатын қуаты да қомақты. Аумағы жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын елімізде агроөнеркәсіп кешенін тиімді дамыта білсек, әлемде ауыл шаруашылығы дамыған ел ретінде жүз миллионнан астам халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге мүмкіндігіміз бар. Осы орайда, Мемлекет басшысы алдағы «үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізу» міндетін алдымызға қойып отыр. Әрине, ол үшін табиғат жағдайының қолайлылығына, жердің құнарлығына ғана қарап отырмай, ауыл шаруашылығына жаңа технологияларды, инновациялық озық әдіс-тәсілдерді және ғылым күшін пайдалана отырып, жету мүмкіндіктеріне баса назар аудару қажеттілігін атап өтті.

Мемлекет басшысының Жолдауында ерекше маңыз берілген ауқымды шаралардың бірі – энергетика саласы. Тәуелсіздігіміздің таңы атқан уақыттың 30 жылдан асқанына қарамастан тура осы энергетика саласында алдымызда тұрған және қордаланған мәселелерді түбегейлі шеше алмай келеміз. Энергетика саласындағы тозығы жеткен жылу электр

станциялары, тоқ көздерін өндіру, жеткізу салаларындағы күрделі мәселелер алдымыздан шыға бастады. Қыстың көзі қырауда Екі-бастұз халқының басынан өткерген қиыншылықты бүкіл республика халқы ұмытпаған болар. Міне, сондықтан да энергетика саласын мемлекеттік қауіпсіздік мәселесімен теңестірген Мемлекет басшысы энергия көздерін көршілес елдерден алуды барынша азайтып, оларға тәуелділікті болдырмау шараларын атқаруды алдымызға қойып, оның шешімді жолдарын айқындап берді. Еліміздегі «Теңіз», «Қашаған», «Қарашығанақ» секілді мұнай-газ саласындағы алпауыттарға газды халыққа қолжетімді бағамен ұсынуды міндеттей отырып, халықты газбен қамтамасыз ету мәселесін де қалыс қалдырған жоқ.

Қазіргі таңда республика халқын алаңдатып отырған елімізде атом электр станциясын салу мәселесінде: «Атом энергетикасын дамыту аса маңызды экономикалық және саяси мәселеге айналды. Атом электр станциясын салу қажет пе, жоқ па деген сауалға қатысты түрлі пікір бар екенін білесіздер. Қазақстан – әлемдегі ең ірі уран өндіруші мемлекет. Ендеше, өз жерімізде атом станциясын салуға өбден қақмыз бар», – деген Мемлекет басшысы ядролық жарылыстардан зардап шеккен халқымыздың алаңдаушылығына да түсінікпен қарап, бұл еліміз үшін аса стратегиялық мәселені шешуді халықтың еншісіне қалдырды. Осы мәселе алдағы уақытта жалпы халықтық референдумда шешіледі. Халық өз көзқарасын білдіре жатар.

Еліміздегі ең өзекті мәселелердің бірі – су ресурсы, оны тиімді пайдаланудың жолдары да Мемлекет басшысының Жолдауында өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастырылды. Жалпы, республикамызға келетін негізгі өзендердің бастауы көрші мемлекеттерде жатыр. Онымен қоса, табиғат жағдайы, ауа райының күрт ысуы, таудың басындағы мұздықтардың азайуы жылдан-жылға қиыншылықтар туғызуда. Жақында ғана көрші Қырғызстан мемлекетінен келетін су көздерінің тоқтауына байланысты Жамбыл облысының дикандары қаншама шығынға батты десеңізші! Бұл қиыншылықтан шығар жол қандай? Суды үнемдеп пайдалану, ысырапқа жол бермеу, су көздерін пайдалануда озық технологияны енгізу және қолда бар ішкі мүмкіндіктерді пайдалану сынды аса маңызды міндеттерді іске асыруды міндеттеген Мемлекет басшысы «Су ресурстары және ирригация министрлігі» құрылатынын жеткізді. Бұл да бүгінгі күнгі ұтымды шешімдердің бірі деп есептейміз.

Дүние жүзіне әйгілі ғұлама Әбу-Насыр Әл-Фараби бабамыз айтқандай: «Мемлекеттің болашағын көргің келсе, бүгінгі күнгі жастардың жағдайына қара» қағидатын басшылыққа алған Мемлекет басшысы: «Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет», – деумен еліміздегі саналы, еңбеккер, білімді, мемлекетшіл жастарымызға үлкен үміт артты. Түптеп келгенде, қазақ елі баршаымыздың Отанымыз. Оның гүлденуі жолында тер төге еңбек ету, атадан қалған қасиетті жерімізді қорғау баршаымыздың борышымыз деп білемін.

«Қазіргі заманда азаматтардың шығармашылық әлеуетіне және зияткерлік капиталына арқа сүйейтін «креативті өндіріс» салалары шынайы инклюзивті экономиканы дамытудың қайнар көзі саналатынын» атап өтті. «Креативті экономика дарынды әрі шығармашыл адамдарды өзіне тартатын ірі қалалардың дамуына ықпал етуші күшке айналууда. Қазақстанда бұл сала әлі дамымаған. Креативті индустрияның ішкі жалпы өнімдегі үлесі бір пайызға да жетпейді, жұмыспен қамту саласындағы үлесі өте төмен. Дегенмен, дарынымен бүкіл әлемді мойындатып жүрген отандастарымыз аз емес».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



АУҚЫМДЫ ӘРІ КҮРДЕЛІ МІНДЕТ

Инновациялық-креативті технологиялар еліміздің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттырады

Зияткерлік капиталға негізделген экономика тез дамиды

Шығармашылық экономиканы шығармашылық салалар құрайды, оларға бұқаралық ақпарат құралдары, кинематография, музыка, ойын автоматтарына арналған ойын-сауық бағдарламалық жасақтамасы, компьютерлік ойындар, сондай-ақ мәдениеттің басқа салалары да кіреді. Әдетте, шығармашылық индустрия тек ойын-сауық, өнер және демалыс болып табылады, бірақ іс жүзінде оның ең үлкен секторы ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет екені анық. Әлемде креативті экономиканың қарқынды өсуі дәстүрлі түрде АҚШ-та байқалады. Елдің жалпы экономикалық дамуына экономиканың креативті секторының әсері Қытайда, Үндістанда, Ұлыбританияда, Австралияда, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда және әлемнің басқа да жетекші экономикаларында жоғары байқалауда.

Инновациялық-креативті секторды дамытуды қолдау экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру саласындағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Осыған сүйене отырып, шығармашылық сектордың әлеуетін, оның мүмкіндіктері мен дамуының салдарын бағалаудың шұғыл қажеттілігі туындайды. Шығармашылық экономика интеллектуалды капитал болып табылатын шексіз көздің әлеуетіне негізделген. Адамның интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктері өсіп келе жатқан экономикалық процеске әсер ететін сарқылмас ресурс болып табылады. Ғылыми-техникалық прогресс идеялар капитал құрылымында басты орын алады және бұл құбылыс үнемі дамуға бейім. Адамның шексіз шығармашылық ойлау қабілеті керемет мүмкіндіктерді ашады. Бұл мәлімдеме ауқымды салдарды білдіреді. Зияткерлік капиталға негізделген экономикалар тезірек дамиды және олардың болашақ өсуі мен даму қарқынын елестету мүмкін емес. Керісінше, креативті экономиканы құруға емес, басқа салаларды дамытуға бағытталған экономикалар біртіндеп құлдырайтын болады.

Креативті экономиканы дамыту үшін түпкілікті өнімге арналған тұтынушының сипаты маңызды. Мұнда екі негізгі шарт бар: салыстырмалы түрде ауқатты халықтың кең топтарының болуы және тұтынушының интеллектуалды дамуының жоғары деңгейі. Бұл бай және білімді адамдардан тұратын қоғамға ұмтылу керек дегенді білдіреді.

Қазақ мәдениетін ілгерілетудің бір жолы

Тұтынушының мәдени білімімен қатар оның тұтыну мәдениетінің деңгейі, техникалық жағынан күрделі өнімдерді пайдалану мүмкіндігі маңызды. Тұтынушылық деңгейде осындай ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгеру қажет. Жалпы, инновациялық-креативті технологиялар Қазақстанның халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жол ашады. Бұл ауқымды әрі күрделі міндеттердің бірі. Президент айтқандай, «Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Алдымызға қойған биік мақсатқа жету оңай болмайды. Бірақ бүкіл ел болып кіріссек, бұл – қолдан келетін шаруа. Халық, бизнес және билік өкілдері бар күш-жігерін жұмылдыруы керек. Сонда ғана мемлекетіміздің қазіргі даму үлгісін түбегейлі өзгерте аламыз, кедергінің бәрін жеңеміз».

Креативті индустриялар қазақ мәдениетінің ресурстарын экономикалық ресурстарға айналдырып, оларды халықаралық нарыққа шығара алады, қазақ мәдениетін ілгерілетеді алады. Кітапханалар, бірінші кезекте ғылыми кітапханалар болашақта қазақстандықтарға түрлі тілдердегі ең озық кітаптарға, патенттерге, жаңа инновацияларға қол жеткізе алатын жақсы креативті алаңдар бола алар еді. Оларда дәрістер, семинарлар, ғалымдармен, инноваторлармен, жаңа технологияларды әзірлеушілермен кездесулер өткізуге, жаңа идеялар жасауға болады. Маңызды алғышарт институтционалды қамтамасыз ету болып табылады, оның негізінде гранттардың барлық түрлерін бөлу, жобаларды іске асыру, мәдени дәстүрлерді дамыту, мәдени іс-шараларды өткізу, халық шығармашылығы мектептері немесе әуесқой қоғамдар сияқты қоғамдық білім беру түрлерін қолдау жүзеге асырылады. Зияткерлік капиталды дамыту үшін креативті индустрияны қалыптастыру өте маңызды. Зерттеу университеттері, ғылыми-зерттеу институттары, технопарктер мен ғылыми үдеткіштер мамандарды даярлау саласында және ғылыми-зерттеу қызметінде оларға үлкен алаң болуы тиіс.

Үлкен институционалды әлеуетке ие бола отырып, талантты жас ғалымдардың, инноваторлардың, шығармашылық дарынды жастардың көптігі біздің елімізге әлемдік креативті индустриялар картасында лайықты орын алуға мүмкіндік береді.

Захарья РАХМЕТОЛЛА,
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
PhD докторы.



КІТАП ФЕСТИВАЛІ

«ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ. ҰЛТТЫҚ ТІЛ. ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР»



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Арбатта Алматы қаласы әкімдігі Мәдениет басқармасының және Алматы қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қолдауымен BAURZHAN foundation қоры ұйымдастырған Kitap Fest Almaty кітап фестивалі өтті.



«Kitap Fest Almaty» кітап фестивалінде 5 мың кітап тегін таратылды

Жұлдыз ОМАРБЕК, BAURZHAN қорының құрылтайшысы, кітап фестивалінің негізін қалаушы:

Кітап оқитындар көп екен



– Kitap Fest – шығармашыл және дарынды адамдарға арналған бірегей алаң. Қазақстанның халықаралық деңгейдегі алғашқы кітап фестивалі болып табылатын мәдени-бұқаралық іс-шара биыл Қала күні қарсаңында ұйымдастырылып

отыр. Соңғы уақытта жан азығынан, рухани байлықтан қол үзіп бара жатқанымызды мойындауымыз керек. Десек те, бұл ойымды бүгінгі Кітап көрмесі жоққа шығарғандай. Өзіңіз көріп отырғандай, кітапқа құмар жандарды көріп қуанып жатырмыз. Жыл сайын оқырмандар қатарын көбейтіп, көпшілікке кітап оқуды насихаттау – біздің басты мақсатымыз. Сондықтан бүгінгі мәдениет пен рух мерекесі Алматы жұртшылығына саркылмайтын рухани байлық әкелсін. Кітап мерекесі құтты болсын!

Досым СӘТБАЕВ, саясаттанушы:

Жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда



Осы ретте Kitap Fest көптеген адамдарды біріктіріп қана қоймай, жаңа мүмкіндіктерге жол ашып жүр. Сіздерге қажырлықпен қатар, кітап оқуды насихаттау, оқу мәдениетін қалыптастыру жолында зор табыстар тілеймін.

Майра ӘЛЖАНОВА, Kitap Fest кітап фестивалінің бас үйлестірушісі:

Кітап оқу ешқашан кеш емес



9 жыл ішінде Kitap Fest алматылықтар үшін ең сүйікті іс-шараға айналды. Елорда күніне орай біз шілде айында кітап фестивалін Астана қаласында екінші рет өткіздік. Оқу мәдениетін ілгерілетуге арналған біздің фестиваль, жазушылар мен олардың оқырмандары үшін бірыңғай алаң құрып, балалар мен жастар арасында кітапқа деген қызығушылықты арттыру болып табылады. Кітап фестивалі – қазақстандық жазушылармен кездесулерден бастап, балаларға арналған танымдық шеберлік сабақтарына дейінгі интерактивті орта. Кітап оқу ешқашан кеш емес. Біз халықты оқуға тарту, кітаптың, мәдениет пен білімнің маңызын арттыру, қазақстандық жазушылар мен олардың әдеби шығармаларын насихаттауға жәрдемдесу үшін жұмыс істеп жатырмыз.

Биыл Қала күніне тұспа-тұс келген Kitap Fest Almaty фестивалінің тақырыбы – «Ұлттық әдебиет. Ұлттық тіл. Ұлттық дәстүрлер» деп аталды. Ашық аспан астындағы фестивальдің ашылу салтанатында Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғ.Майлыбаев сөз сөйледі. Ақын Бақыт Беделхан орамды ой, салмақты сөз арнап, Алматы жұртшылығын мерекемен құттықтады.

– Кітаптың, кітапхананың, жалпы осы құнды дүниенің тарихы 2000 жыл бұрынғы шумерлер заманынан басталады. Орта ғасырда, әл-Фараби заманында дәл осындай іс-шаралардың өткенін, қыш кітаптардың қалай сөйлегенін білеміз. Сондықтан да мына жаһандану кезеңі болсын, жаңару заманы болсын, әлеуметтік желінің жетім өкпесі желпілдеп тұрсын, бәрібір, кітап пен кітапхананың қасиеті мен құны жоғалмайды. Бүгінгі кітап фестивалі Қала күні аясында онжылдыққа созылып жатыр екен. Өміршең, өнегелі жобаларды Алматы қаласы көбейту керек, танымдық дүниені жалғастыру керек деп ойлаймын. Бүгін нағыз кітапқұмар оқырман жиналары сөзсіз. Кешке дейін талай-талай кітаптардың тағдыры талқыланды, тұсауы кесіледі. Бәрібір Алматы – жұмыр жердің жұмағы, Алматы – алты Алаштың алтын қазығы, Алматы – азаттықтың ақ бесігі, Алматы – махаббат пен руханияттың жүрегі. Сол жүрек бейбітшіліктің бесігін мәңгі тербеге берсін, ағайын. Кітап мерекесі құтты болсын! – деді Б.Беделхан.

Алматы кітап фестивалінің кітапсүйер қауым үшін дайындаған бағдарламаларының ауқымы кең болды. Әдемі безендірілген алаңға үздіксіз келіп жатқан көпшілікті көргенде, өз басым, ел ішіндегі «қазір ел кітап оқымайды» деген сөзді жоққа шығардым. Өйткені, кітапқа қызығушылық танытып, авторларға сауал қойып жатқан жастар көп. Ата-анасымен келген балаларда да есеп жоқ. Әркім өздерінің жас ерекшеліктеріне сай ұнаған кітаптарын парақтап, сатып алып жатты. Отандық жазушылар жаңа кітаптарын таныстырды. «Офлайн кітаптар туралы» шатырда танымал жазушылар, қоғам қайраткерлері мен блогерлер пікір алмасты. 50-ден астам кітап дүкені мен баспагерлер өз өнімдерін 30%-ға дейінгі жеңілдікпен саудалады.

Фестивальде Смағұл Елубай, Досым Сәтбаев, Ділдар Мамырбаева, Елдос Тоқтарбай, Бейбіт Сарыбай, Абылай Юсупов, Мұхамеджан Тазабек және басқа да көптеген танымал тұлғалар қазіргі әдебиеттегі үрдіс жайлы сөз қозғады.

Сондай-ақ, «Менің алғашқы ертегілерім», «Как оседлать единорога?», «Tarmaqtar» атты кітаптардың және басқа да жалпы саны 28 жаңа кітаптың тұсауы кесілді.

Кітап жәрмеңкесі мен көрмесі өз алдына, мұнда балалар үшін де қызықты ойын-сауық бағдарламалары ұйымдастырылыпты. Аниматорлар, аквагрим мен түрлі қызықты байқаулар мен викториналар кішкентай алматылықтарға тамаша көңіл күй сыйлады.

Дәстүр бойынша фестивальде «Ауылға кітап» акциясы өткізілді, онда кез келген оқырман өз кітабын әкеліп, Қазақстанның ауылдық кітапханаларына тапсыруға атсалысты. Биылғы фестивальде 3 мыңға тарта кітап жиналды.

Көрме аясында фестиваль қонақтары әкелінген кітаптармен алмасуға, ұнаған кі-

таптарды жеңілдікпен сатып алуға немесе оларды толығымен тегін алуға мүмкіндік алды. Биыл кітап фестивалінде әртүрлі жанрдағы 5000 кітап келушілерге тегін таратылды.

Фестивальде жастар өздері күнде кездесе бермейтін танымал тұлғалармен һәм кітап авторларымен жүздесіп, қуанып жатса, ақын-жазушылар кітап оқуға құмар жұртшылықтың көп екенін көріп бір марқайып қалды. Оқырман мен жазушы емін-еркін диалогта болып, мәре-сәре болысты.

Арбатта өткен фестиваль балалар әдебиетінен бастап ұлт қазынасына айналған туындылар, әлемдік классикалар, түрлі салалық кітаптар, отбасылық дүниелердің отанына айналып, есте қалар ерекше естеліктермен аяқталды.



БІЗДІҢ АНЫҚТАМА:

Kitap Fest кітап фестивалі 2014 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келе жатқан ең ауқымды мәдени-бұқаралық іс-шара. 9 жыл ішінде ол шығармашылық кездесулердің негізгі алаңына айналды, онда авторлар мен баспалардың қатысуымен 200-ден астам кітаптың тұсаукесері өтіп, жәрмеңкелерге 300-ге жуық кітап дүкені қатысты. Жыл сайын кітап фестивалінің арқасында 5000 кітап тегін таратылады. ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының статистика-

сын келтірсек: 2022 жылы Қазақстанда кітаптар мен брошюралардың 4044 атауы тіркелген. Ең көп кітаптар мен брошюралар Алматы, Алматы облыстарында шығарылды. 1749 кітап пен брошюра тіркелген. Еліміздегі кітаптардың басым бөлігі педагогика саласында (әдістемелік құралдар, кітаптар) жарық көрді. Кітаптар саны – 1085. Көркем әдебиет жанры бойынша: қазақ әдебиеті – 664, поэзия – 166, драма – 3, проза – 286.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.





ЭТНОМУЗЫКА

ZSOMBOR FEHER (Мажарстан), флейташы:

БІЗ ТАМЫРЛАС ХАЛЫҚПЫЗ

Мақсатым – музыкаға ғана емес, қазақ-мажар қатынасына үлес қосу

Қала күні мерекесі қарсаңында Республика сарайының алдындағы сахна алаңында жыл сайынғы Ethnotronica Almaty музыкалық технологиялық шоуы өтті.

«Ethnotronica» – бұл стильдердің әртүрлілігін, әлем халықтарының әуендерінің сұлулығын, дәстүрлі аспаптардың колориті мен электрондық ырғақтың қуатын біріктіретін бірегей музыкалық және технологиялық шоу.

Биыл Ethnotronica фестивалінде ZSOMBOR FEHER (Венгрия), ABBOS (Өзбекстан), SITORA NAZAROVA (Тәжікстан), TURAN (Қазақстан), VRAM MINASYAN (Армения), BRANKO AND KAI (Қазақстан), DJ DUBTAZER (Израиль), DJ TIM DIAN (Ресей), DJ EDIGE (Қазақстан), DJ TIM DIAN (Ресей) өнер көрсетті.

Біз әңгімеге тартқан флейташы, Мажарстаннан (Венгрия) келген өнер иесі Жомбор Фехер былай деді: «Осыдан отыз жыл бұрын мектепте оқып жүрген кезімде DJ ретінде электронды музыкада өзімнің флейтамен ойнасам деген арным болған. Сол шақта бұл ақылға сыймастай еді. Арным әлі жадымда жаңғырып тұр. Арнымға мақсатымды жалғап, былтыр диттегеніме жеттім. Міне, биыл қазақ жеріне келіп отырмыз. Мен диттеген мақсат – музыкаға ғана емес, қазақ-мажар достық, туыстық қарым-қатынасына өзіндік үлесімді қосу. Музыка сүйер жұртшылық бізді қошеметпен қарсы алды. Бес ән орындадым. Ең бірінші орындаған ән ырғағы туып-өскен ауылыма арналған».

Біз музыканттан Мажарстанда (Венгрия) мекендейтін мадиар-қыпшақтар жөнінде де сұрап үлгердік. Жомбар мадиар-қыпшақтар мекендейтін Қарсақ қаласының Қарсақ батыр құрметіне қойылғанын айтып берді. Түбі бір түркі елдерінің отаны саналатын Қазақ жеріне сапарына ырзалығын білдірген этникалық форматтағы музыкант алда тағы Орталық Азия елдеріне сапарламақ ниетін айтты, шақырту да алыпты. Мажарстанның түрік елдерімен достық қарым-қатынасты нығайта түскенін қуана білдірді.

Ол рас, мажарлар – қазақтармен ежелден, сонау ғұн, қыпшақ дәуірінен тамырлас халық. Осы Алматының Алатау ауданында Мажарстанның атақты түркітанушы ғалымы Иштуан Қоңыр атындағы мектеп, көше барын білеміз. Қазақ жерінде елеулі еңбек еткен ғалымның әйелі – қазақ қызы, педагог-ғалым Айша апамыз.

Этникалық бағдардағы ән-ырғақ Алматы көгінде ырғала қалықтап тұрды. Ырғаққа билеген жастардың қарасы қалың. Бұл да болса, дүние-ғаламда музыканың шекара талғамай-тынының бір дәлелі болса керек. Сөйтіп, Қала күні қарсаңында Алматы аспаны сазды әуеннің сиқырымен шырайланып кеткендей болды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тоғызқұмалақ күні қарсаңында осы рекордты бекіту мақсатында 2000-нан астам мектеп оқушысы бір мезетте тоғызқұмалақтан сайысқа түсті.

(Басы 1-бетте)

Алматы күні жаймашуақ. Шұғылалы күн дидары ойын қызығына берілген оқушыларды шабыттандыра түскендей. Қаламыздың дендропаркінде алқақотан жиылған мектеп оқушылары тоғызқұмалақтан жарысқа қызу кіріскен. Ұстаздары бас-көз болғаны болмаса, балалар логикалық ойынның жетегінде. Қазақтың баласына шаршысымен шартарапқа жайылған шахматтың тоғызқұмалақтың қасында түк емес секілді.

«Қайран, бабам, қалай таптың екен осы ойынды?» деп қайран қаласың. «Малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» деген сертті серік етіп, табиғатпен тел өскен қайран қазақ. Қазақтың ойынының өзі тұрмысы мен салтын танытып, әділетті әйгілеп, туралықты топшылап тұрғандай.

– Бүгін – тоғызқұмалақты дамытудағы тарихи күн. Алғаш рет бір уақытта және бір жерде 2028 оқушы тоғызқұмалақ ойнады. Бұл көрсеткіш Гиннестің рекордтар кітабына тіркелді. Былтыр Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы 9 қыркүйекті «Тоғызқұмалақ



күні» деп атап өту туралы шешім қабылдағанын атап өткім келеді. Сонымен бірге, бүгінде тоғызқұмалақтан тоғыз мемлекетте, еліміздің барлық облысында бір мезетте жарыс өтуде. Бұл ойын қазақ мәдениетінің әлемдік өркениетке қосқан үлесінің жарқын үлгісі болғандықтан, тоғызқұмалақты дамыту – біздің парымыз. 2008 жылы Республикалық тоғызқұмалақ федерациясы

құрылып, кейін Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы құрылуымен қазақтың ұлттық ойынын жер-жаһанға мәлім еттік. Тоғызқұмалақтан алты әлем чемпионаты, бес Азия чемпионаты мен төрт Еуропа чемпионаты өтті. Тоғызқұмалақ өз дамуының сапалық деңгейіне жетті, – деп мәлімдеді Дүниежүзілік және республикалық тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әлихан Бәйменов.

АЛМАТЫЛЫҚ ОҚУШЫЛАР

Қазақстанның Гиннес рекордтар кітабына енді

Оқушылардың тоғызқұмалақтан өткен сын-сайысында Алматыдағы №58 ЖБМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Үмітжан Қалиева Алмалы ауданындағы осы мектептен он оқушы әкелген екен. Өзі жетекшілік ететін 7 «а» сыныбының бірнеше оқушысы тоғызқұмалақтан өтіп жатқан сайысқа қатысып жатқанын айтты. Мына сында 7 «ә» сыныбының тоғызқұмалақшы оқушылары дес берер емес. Мұны ойын барысында байқадық.

«Біздің оқушылар тоғызқұмалақтан өткен қалалық жарыстан жүлде иеленіп жүр. Арасында бірінші орын алып, республикалық жарысқа да қатысқандар бар. Бағын сынап жүлде алған шәкірттерімізді мақтан тұтамыз. Мектебімізге келіп, аптасына екі рет тоғызқұмалақ спорттық ойынын қосымша ретінде Самағ Қасымбеков жүргізеді», – деді Ү.Қалиева.

21–24 қыркүйекте Алматы қаласындағы ADD үстел теннисі орталығында рапид және блиц бойынша оқушылар (U-15, U-17) арасында тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты өтеді. Мына мектеп оқушылары арасындағы сайыс соған дайындық сынды. Әлемдік бәсекеге жер-жаһанның 20 елінен 150-ден астам ойыншы қатысады деп күтілуде.

Бетті әзірлеген
Айнабай МӘДИ.



Алматы қаласы мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округінің сайлау учаскелерінің шекаралары және учаскелік сайлау комиссияларының құрамы туралы Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

№75 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 85/105

«Қазақ спорт және туризм академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

Шекаралары: А.Байтұрсынұлы көшесінен Қабанбай батыр көшесінің жұп санды жағымен М.Масанчи көшесіне дейін; М.Масанчи көшесінің тақ санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің жұп санды жағымен С.Сейфуллин даңғылына дейін; С.Сейфуллин даңғылының тақ санды жағымен Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының тақ санды жағымен Б.Шағабутдинов көшесіне дейін; Б.Шағабутдинов көшесінің жұп санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің жұп санды жағымен А.Байтұрсынұлы көшесіне дейін; А.Байтұрсынұлы көшесінің жұп санды жағымен Қабанбай батыр көшесіне дейін.

Төрағасы – Ибрагимов Асет Ербулович, **төрағасының орынбасары** – Токарева Светлана Витальевна, **хатшы** – Тазабек Еркебұлан Нұрланұлы, **комиссия мүшелері** – Кошегулова Галия Салимовна, Тағасва Алия Нурлановна, Карменов Қайрат Маутханович, Сембаева Алия Амантаевна, Тұрдақын Куаныш Серікканұлы, Түлегенов Рыскелды.

№76 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 91

«Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы.

Төрағасы – Онгарбаев Бақытжан Тулигенович, **төрағасының орынбасары** – Канафьянова Куралай Газизовна, **хатшы** – Турсунова Гульмира Бахытовна, **комиссия мүшелері** – Айтбаева Гүлнур Казбековна, Абдрахманов Рамиль Зуфарович.

№78 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Амангелді көшесі, 88

«Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Төрағасы – Оспанов Азамат Майлыбекович, **төрағасының орынбасары** – Абдраханова Мадина Зулхарнаевна, **хатшы** – Закенов Алтай Бауыржанұлы, **комиссия мүшелері** – Сатаева Алтын Байбұлатовна, Мұқади Аяулым Жамбылқызы.

№79 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі, 200

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» акционерлік қоғамы.

Шекаралары: С.Мұқанов көшесінен Т.Шевченко көшесінің жұп санды жағымен Ә.Шәріпов көшесіне дейін; Ә.Шәріпов көшесінің тақ санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің тақ санды жағымен Б.Шағабутдинов көшесіне дейін; Б.Шағабутдинов көшесінің тақ санды жағымен Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының тақ санды жағымен Ғ.Мұратбаев көшесіне дейін; Ғ.Мұратбаев көшесінің жұп санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің тақ санды жағымен С.Мұқанов көшесіне дейін; С.Мұқанов көшесінің жұп санды жағымен Т.Шевченко көшесіне дейін.

Төрағасы – Нұрғабайлов Умирзақ Шарапович, **төрағасының орынбасары** – Глеубаев Ерлан Куанышович, **хатшы** – Жумабаева Айгүл Қоныратовна, **комиссия мүшелері** – Абдрасилова Айнаш Орымбаевна, Турганова Шолпан Каламакбетовна, Әдепхан Самат Нөбижанұлы, Наурызбаева Салтанат Калибековна.

№80 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 113 А

«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті» акционерлік қоғамының №8 жатақханасы.

Шекаралары: Ә.Шәріпов көшесінен Т.Шевченко көшесінің жұп санды жағымен А.Байтұрсынұлы көшесіне дейін; А.Байтұрсынұлы көшесінің тақ санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің тақ санды жағымен Ә.Шәріпов көшесіне дейін; Ә.Шәріпов көшесінің жұп санды жағымен Т.Шевченко көшесіне дейін.

Төрағасы – Нағасбекова Баян Сериккановна, **төрағасының орынбасары** – Сванбаева Гульжан Тезекбаевна, **хатшы** – Садуақасова Гульмира Мырзабековна, **комиссия мүшелері** – Сугуржанова Гүлжаман Ануаровна, Рахмет Олжас Ахметұлы, Бакибаева Айнура Абдижановна, Жанаева Айгүл Дүйсенбайқызы.

№82 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 125/105 А

«№8 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: С.Мұқанов көшесінен Бөгенбай батыр көшесінің жұп санды жағымен Б.Шағабутдинов көшесіне дейін; Б.Шағабутдинов көшесінің тақ санды жағымен Жамбыл көшесіне

дейін; Жамбыл көшесінің тақ санды жағымен Ғ.Мұратбаев көшесіне дейін; Ғ.Мұратбаев көшесінің тақ санды жағымен Т.Шевченко көшесіне дейін; Т.Шевченко көшесінің тақ санды жағымен С.Мұқанов көшесіне дейін; С.Мұқанов көшесінің жұп санды жағымен Бөгенбай батыр көшесіне дейін.

Төрағасы – Мусатаева Виктория Назымовна, **төрағасының орынбасары** – Макишева Сымбат Замирқызы, **хатшы** – Турғумбаева Дана Руслановна, **комиссия мүшелері** – Әлметова Айнура Ермекқызы, Тагир Әлмира Амиржанқызы, Петрыкина Евгения Валерьевна, Жаримбетова Анжелика Бауыржанқызы, Темирбеков Назымхан Аппарханович, Зяблова Елена Владимировна.

№83 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 102

«Алматы көлік және коммуникациялар колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Шекаралары: Б.Шағабутдинов көшесінен Қабанбай батыр көшесінің жұп санды жағымен А.Байтұрсынұлы көшесіне дейін; А.Байтұрсынұлы көшесінің тақ санды жағымен Т.Шевченко көшесіне дейін; Т.Шевченко көшесінің тақ санды жағымен Ғ.Мұратбаев көшесіне дейін; Ғ.Мұратбаев көшесінің жұп санды жағымен Жамбыл көшесіне дейін; Жамбыл көшесінің жұп санды жағымен Б.Шағабутдинов көшесіне дейін; Б.Шағабутдинов көшесінің жұп санды жағымен Қабанбай батыр көшесіне дейін.

Төрағасы – Джайдаров Марат Ментаевич, **төрағасының орынбасары** – Бойко Елена Анатольевна, **хатшы** – Намыс Ержан Намысулы, **комиссия мүшелері** – Нугуманов Шындауыл Елмуратович, Төрекұлова Меруерт Даулетқызы, Темирбекова Раушан Бахытбековна, Тарпанова Салтанат Каиржановна.

№84 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Т.Шевченко көшесі, 97

«Логистика және көлік академиясы» акционерлік қоғамы.

Шекаралары: Т.Шевченко көшесінен С.Мәуленов көшесінің тақ санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің тақ санды жағымен М.Масанчи көшесіне дейін; М.Масанчи көшесінің жұп санды жағымен Жамбыл көшесіне дейін; Жамбыл көшесінің жұп санды жағымен С.Сейфуллин даңғылына дейін; С.Сейфуллин даңғылының тақ санды жағымен Т.Шевченко көшесіне дейін; Т.Шевченко көшесінің жұп санды жағымен С.Мәуленов көшесіне дейін; С.Мәуленов көшесіндегі №108-А, 110, 112 орналасқан М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы жатақханаларын қоса.

Төрағасы – Аширбаев Галымжан Қожахатович, **төрағасының орынбасары** – Иманғалиев Думан Мырзағалиевич, **хатшы** – Бугенова Ләлія Аманжоловна, **комиссия мүшелері** – Глинкина Елена Александровна, Қорабаев Елдос Нурланович, Қалдыбаева Жанна Зайнулдиновна, Асылбекова Гульмира Джаксыбаевна.

№85 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 125/105 А

«№8 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: А.Байтұрсынұлы көшесінен Карасай батыр көшесінің тақ санды жағымен Х.Досмұхамедов көшесіне дейін; Х.Досмұхамедов көшесінің тақ санды жағымен Қабанбай батыр көшесіне дейін; Қабанбай батыр көшесінің тақ санды жағымен Б.Шағабутдинов көшесіне дейін; Б.Шағабутдинов көшесінің жұп санды жағымен Бөгенбай батыр көшесіне дейін; Бөгенбай батыр көшесінің жұп санды жағымен Х.Досмұхамедов көшесіне дейін; Х.Досмұхамедов көшесінің жұп санды жағымен Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің жұп санды жағымен А.Байтұрсынұлы көшесіне дейін; А.Байтұрсынұлы көшесінің тақ санды жағымен Карасай батыр көшесіне дейін.

Төрағасы – Смагулова Ардақ Рахимғалиевна, **төрағасының орынбасары** – Тулеубай Арсен Орнаулы, **хатшы** – Ханаева Назира Рахматұллаевна, **комиссия мүшелері** – Гайса Айжамия Гайсановна, Силкина Светлана Александровна, Бөкіл Жанат Болатбайұлы, Акимжанов Мадитимурұлы.

№86 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, М.Масанчи көшесі, 70

«Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: А.Байтұрсынұлы көшесінен Төле би көшесінің жұп санды жағымен С.Сейфуллин даңғылына дейін; С.Сейфуллин даңғылының тақ санды жағымен Қабанбай батыр көшесіне дейін; Қабанбай батыр көшесінің тақ санды жағымен Х.Досмұхамедов көшесіне дейін; Х.Досмұхамедов көшесінің жұп санды жағымен Карасай батыр көшесіне дейін; Карасай батыр көшесінің жұп санды жағымен А.Байтұрсынұлы көшесіне дейін; А.Байтұрсынұлы көшесінің жұп санды жағымен Төле би көшесіне дейін.

шесінің жұп санды жағымен Төле би көшесіне дейін.

Төрағасы – Серкешпаев Серик Қасымғалиевич, **төрағасының орынбасары** – Джекебаева Макпал Абиловна, **хатшы** – Накысбекова Гульжанат Нояновна, **комиссия мүшелері** – Ілесбек Ермек, Амангелді Айдос, Муминова Шолпан Шахиевна, Тулеков Батырбек Жуманкулович.

№88 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 109

«Еуразия технологиялық университеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Шекаралары: Ғ.Мұратбаев көшесінен Әйтеке би көшесінің жұп санды жағымен Ә.Шәріпов көшесіне дейін; Ә.Шәріпов көшесінің тақ санды жағымен Қазыбек би көшесіне дейін; Қазыбек би көшесінің жұп санды жағымен Х.Досмұхамедов көшесіне дейін; Х.Досмұхамедов көшесінің тақ санды жағымен Бөгенбай батыр көшесіне дейін; Бөгенбай батыр көшесінің тақ санды жағымен С.Мұқанов көшесіне дейін; С.Мұқанов көшесінің жұп санды жағымен Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің жұп санды жағымен Ғ.Мұратбаев көшесіне дейін; Ғ.Мұратбаев көшесінің жұп санды жағымен Әйтеке би көшесіне дейін.

Төрағасы – Кешуов Сейткерим Муханович, **төрағасының орынбасары** – Әбжаппарқызы Райханқұл, **хатшы** – Букенбаева Гульнар Жумажановна, **комиссия мүшелері** – Нарынова Мариямгуль Мухамеджановна, Боханова Асем Жумабековна, Савельева Виктория Вячеславовна, Асылбекова Бота Казбековна.

№90 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, М.Масанчи көшесі, 70

«Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: С.Сейфуллин даңғылынан Карасай батыр көшесінің жұп санды жағымен Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің тақ санды жағымен Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының тақ санды жағымен С.Сейфуллин даңғылына дейін; С.Сейфуллин даңғылының жұп жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің жұп жағымен С.Мәуленов көшесіне дейін; С.Мәуленов көшесінің жұп санды жағымен Т.Шевченко көшесіне дейін; Т.Шевченко көшесінің тақ санды жағымен С.Сейфуллин даңғылына дейін; С.Сейфуллин даңғылының жұп санды жағымен Жамбыл көшесіне дейін; Жамбыл көшесінің тақ санды жағымен М.Масанчи көшесіне дейін; М.Масанчи көшесінің жұп санды жағымен Қабанбай батыр көшесіне дейін; Қабанбай батыр көшесінің жұп санды жағымен С.Сейфуллин даңғылына дейін; С.Сейфуллин даңғылының жұп санды жағымен Карасай батыр көшесіне дейін; С.Мәуленов көшесіндегі, №108-А, 110, 112 орналасқан М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы жатақханаларын қоспағанда.

Төрағасы – Аксериқова Ақмарал Мағжановна, **төрағасының орынбасары** – Төлекова Гульнар Сансызбаевна, **хатшы** – Туманшиева Назым Қайратовна, **комиссия мүшелері** – Ашимбаев Гани Исламғожаевич, Ошақбаев Абай Диканкулович, Накысбек Гүлнәз Ноянқызы, Қойкен Максат Жанатбекұлы, Оқас Аян Берікұлы, Өртқали Съезбек Мәдениетұлы.

№91 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 128

«І.Есенберлин атындағы №25 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Наурызбай батыр көшесінен Карасай батыр көшесінің жұп санды жағымен Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының тақ санды жағымен Т.Шевченко көшесіне дейін; Т.Шевченко көшесінің тақ санды жағымен Желтоқсан көшесіне дейін; Желтоқсан көшесінің тақ санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің тақ санды жағымен Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің жұп санды жағымен Карасай батыр көшесіне дейін.

Төрағасы – Аманбай Газиза Абдықалыкқызы, **төрағасының орынбасары** – Букина Елена Леонидовна, **хатшы** – Әлімбек Гүлнұр Бейбүтқызы, **комиссия мүшелері** – Султанбаев Марат Есболтаұлы, Қалдыбаев Равиль Жамсапович, Умирзакова Салтанат Түймебаевна, Морозова Надежда Александровна, Мусабеков Марат Болатович, Коробова Елена Валерьевна.

№92 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Карасай батыр көшесі, 70

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаментінің тергеу изоляторы.

Төрағасы – Рыжков Евгений Викторович, **төрағасының орынбасары** – Баймолдаева Алмагуль Муктаровна, **хатшы** – Нарынова Айман Мындыльдаевна, **комиссия мүшелері** – Асқарұлы Абдулғафур, Қалдыбаев Радмир Жамсапович.

№93 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 74/1

«Сұлтан-Ахмет Қожықов атындағы №39 мамандандырылған лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Наурызбай батыр көшесінен Қазыбек би көшесінің жұп санды жағымен Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының тақ санды жағымен Карасай батыр көшесіне дейін; Карасай батыр көшесінің тақ санды жағымен С.Сейфуллин даңғылына дейін; С.Сейфуллин даңғылының жұп санды жағымен Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің жұп санды жағымен Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің жұп санды жағымен Қазыбек би көшесіне дейін, Төле би көшесіндегі №73/71 үйді қоса.

Төрағасы – Досымбекова Меруерт Казакбаевна, **төрағасының орынбасары** – Рахманов Жарбұл Муратович, **хатшы** – Шоханова Тоқжан Асқарқызы, **комиссия мүшелері** – Кадыков Ялқунжан Сауыржанович, Темирхан Айгерим Асқарқызы, Мукашев Асет Сабитович, Мақсот Аяулым Бесланқызы.

№94 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, С.Сейфуллин даңғылы, 492

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№1 қалалық перзентхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Төрағасы – Кондратьев Роман Иванович, **төрағасының орынбасары** – Байдилдава Салтанат Болатбековна, **хатшы** – Сабденова Саида Сакеновна, **комиссия мүшелері** – Манапова Айбала Бақдаулетовна, Бекжанов Даулет Серикович.

№95 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Ә.Шәріпов көшесі, 53

«№95 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Ә.Шәріпов көшесінен Әйтеке би көшесінің жұп санды жағымен Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің тақ санды жағымен Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің тақ санды жағымен Х.Досмұхамедов көшесіне дейін; Х.Досмұхамедов көшесінің жұп санды жағымен Қазыбек би көшесіне дейін; Қазыбек би көшесінің тақ санды жағымен Ә.Шәріпов көшесіне дейін; Ә.Шәріпов көшесінің жұп санды жағымен Әйтеке би көшесіне дейін, Төле би көшесіндегі №73/71 үйді қоспағанда.

Төрағасы – Сабирова Айнура Жумагазиевна, **төрағасының орынбасары** – Сағындыкова Айгүл Жақыпбековна, **хатшы** – Жумагулова Зауреш Тапталовна, **комиссия мүшелері** – Елибаева Ляззат Махтапбергеновна, Ахметова Гульжан Егенбаевна, Бұқар Альфия Бахытжанқызы, Бушакаев Ерлан Ержанұлы, Елибаев Канат Есиркепович, Исламов Камильжан Адилжанович.

№96 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 96

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық шұғыл көмек көрсету ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Төрағасы – Алимбетов Бағдат Қуанышбекович, **төрағасының орынбасары** – Айриян Милана Спартаковна, **хатшы** – Кошамбекова Алуа Нурғазымовна, **комиссия мүшелері** – Аманов Канат Насрадинович, Абдиқадиров Бақытжан Танирбергенович.

№97 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 93 Б

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық кардиологиялық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Төрағасы – Мусрепов Нуржан Жидебаевич, **төрағасының орынбасары** – Алибеков Даурен Жарылқасынович, **хатшы** – Ақилбекова Гүлнұр Джандарбековна, **комиссия мүшелері** – Гаитов Алимжан Аркенжанович, Токтарбаева Рабига Асқаровна.

№98 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 95 А

«Құрмет Белгісі» орденді Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы.

Төрағасы – Масимғазиев Айдос Советович, **төрағасының орынбасары** – Расулов Идрис Рашидович, **хатшы** – Манапқызы Гульнұр, **комиссия мүшелері** – Муханова Салтанат Бауыржанқызы, Токтарбаева Асем Төлегеновна.

№99 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 120

«Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы.



Төрағасы – Мадалиев Курмангазы Нурмаганбетович, **төрағасының орынбасары** – Хан Олег Ромуальдович, **хатшы** – Орехова Елена Фархатовна, **комиссия мүшелері** – Нүсіпәлиев Ернат Жанболатұлы, Оспанбекова Асель Сейдалиевна.

№100 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Құрманғазы, 98

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық ревматологиялық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Төрағасы – Мусаева Назгуль Назаровна, **төрағасының орынбасары** – Нурканов Алмас Аманжолович, **хатшы** – Кабикенова Эльмира Майрамбаевна, **комиссия мүшелері** – Мусакулова Алия Орынбасаровна, Тойганбекова Аяжан Тлеубергенқызы.

№102 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Н.Гоголь көшесі, 114

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

Шекаралары: Ә.Шәріпов көшесінен Н.Гоголь көшесінің жұп санды жағымен С.Сейфуллин даңғылына дейін; С.Сейфуллин даңғылының тақ санды жағымен Әйтеке би көшесіне дейін; Әйтеке би көшесінің тақ санды жағымен Ә.Шәріпов көшесіне дейін; Ә.Шәріпов көшесінің жұп санды жағымен Н.Гоголь көшесіне дейін, С.Сейфуллин даңғылындағы №511/112 үйді қоспағанда.

Төрағасы – Дауленбаева Мейрамгуль Бахытжановна, **төрағасының орынбасары** – Әбуова Назира Қожанқызы, **хатшы** – Шажабаева Жадыра Атыбаевна, **комиссия мүшелері** – Науразалиева Бакыт Телмановна, Наятiллa Арайлым Оразалықызы, Нуркaсым Айтолкын Бакытжанқызы, Каримова Арайлым Сарсемхановна.

№104 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Ә.Шәріпов көшесі, 23

«Ә.Шәріпов атындағы №16 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Ә.Шәріпов көшесінен Н.Гоголь көшесінің тақ санды жағымен Ғ.Мұратбаев көшесіне дейін; Ғ.Мұратбаев көшесінің жұп санды жағымен М.Мақатаев көшесіне дейін; М.Мақатаев көшесінің жұп санды жағымен А.Байтұрсынұлы көшесіне дейін; А.Байтұрсынұлы көшесінің тақ санды жағымен Жібек жолы даңғылына дейін; Жібек жолы даңғылының тақ санды жағымен Ә.Шәріпов көшесіне дейін; Ә.Шәріпов көшесінің тақ санды жағымен Н.Гоголь көшесіне дейін.

Төрағасы – Касенова Бекзат Ажихановна, **төрағасының орынбасары** – Момынкулова Алтынгүл Зейнуллиевна, **хатшы** – Сатыбалдиева Акбаян Қуанышбаевна, **комиссия мүшелері** – Ляпина Зинаида Вячеславовна, Мусатитова Толеугайша Айтказиновна, Нұрділдаев Нұржан Муратұлы, Елгезеков Марлен Абдуллаевич.

№105 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Н.Гоголь көшесі, 161

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

Шекаралары: А.Байтұрсынұлы көшесінен Н.Гоголь көшесінің тақ санды жағымен Ә.Шәріпов көшесіне дейін; Ә.Шәріпов көшесінің жұп санды жағымен Жібек жолы даңғылына дейін; Жібек жолы даңғылының жұп санды жағымен А.Байтұрсынұлы көшесіне дейін; А.Байтұрсынұлы көшесінің тақ санды жағымен Н.Гоголь көшесіне дейін.

Төрағасы – Несипбаев Алиби Сагимбекович, **төрағасының орынбасары** – Абилова Гулмира Аскарровна, **хатшы** – Байсеитова Айнуар Наурузхановна, **комиссия мүшелері** – Кабиденова Амина Муталовна, Малдыбаева Кульдар Ритаевна, Базалеев Максим Николаевич, Есенқабылова Акерке Лесбекқызы.

№106 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Н.Гоголь көшесі 133

«№15 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Наурызбай батыр көшесінен Н.Гоголь көшесінің тақ санды жағымен батыс бағытта А.Байтұрсынұлы көшесіне дейін; А.Байтұрсынұлы көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта М.Мақатаев көшесіне дейін; М.Мақатаев көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта М.Масанчи көшесіне дейін; М.Масанчи көшесінің тақ санды жағымен оңтүстік бағытта, М.Масанчи көшесіндегі №3, №5 үйлерді, Кашгарская көшесіндегі №4, №6, №8 үйлерді және М.Мақатаев көшесіндегі №156 үйді қоспағанда Жібек жолы даңғылына дейін; Жібек жолы даңғылының жұп санды жағымен шығыс бағытта Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің тақ санды жағымен оңтүстік бағытта Н.Гоголь көшесіне дейін; «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің аумағын қоспағанда.

Төрағасы – Сүлейменова Аида Асибековна, **төрағасының орынбасары** – Атембаева Гулнар Айдашевна, **хатшы** – Қозметова Айдаана Ертайқызы, **комиссия мүшелері** – Стебут На-

талья Юрьевна, Аскарова Алима Жумағалиевна, Нусуп Айбек, Сайлаубаев Нұрдулет Еркінұлы, Нурмукан Айдана Сейсенқызы, Қайранбек Гүлнұр Балтабекқызы.

№107 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, М.Масанчи көшесі, 16

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5571 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі.

Төрағасы – Оспанбеков Бақдаулет Оралұлы, **төрағасының орынбасары** – Дүйсенбаева Айгерим Сапарбековна, **хатшы** – Байсеркеева Мерей Қайратқызы, **комиссия мүшелері** – Елғондиев Дәулет Бауыржанұлы, Калдыбаев Жамсап Женисбекович.

№108 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Н.Гоголь көшесі, 133

«№15 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: П.Чайковский көшесінен Жібек жолы даңғылының тақ санды жағымен батыс бағытта М.Масанчи көшесіне дейін; М.Масанчи көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта М.Масанчи көшесіндегі №3, №5 үйлерін, Кашгарская көшесінің №4, №6, №8 үйлерін және М.Мақатаев көшесіндегі №156 үйді қоса алғанда М.Мақатаев көшесіне дейін; М.Мақатаев көшесі жұп санды жағымен шығыс бағытта П.Чайковский көшесіне дейін; П.Чайковский көшесінің тақ санды жағымен оңтүстік бағытта Жібек жолы даңғылына дейін.

Төрағасы – Нусупова Раушан Муратхановна, **төрағасының орынбасары** – Жанасілова Эльмира Ержанқызы, **хатшы** – Джанзакова Карлығаш Абаевна, **комиссия мүшелері** – Познякова Марина Александровна, Шаму Әйгерім Бахытқызы, Мазаров Максат Мадеткалиевич, Кошжанова Гулшат Айдарбековна, Даркенбаева Жайдаргуль Кадыровна, Ақпан Амиржан Бауржанұлы.

№109 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 174

«Алматы сән және дизайн колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Шекаралары: Райымбек даңғылынан Кашгарская көшесімен оңтүстік бағытта М.Мақатаев көшесіне дейін; М.Мақатаев көшесімен батыс бағытта №127/11, №131 корпус 8, 131 корпус 7, 131 корпус 6, 131 корпус 5, 131 корпус 4, 131 корпус 3, 131 корпус 2, 131 корпус 1 үйлерді қоспағанда Ғ.Мұратбаев көшесіне дейін; Ғ.Мұратбаев көшесімен солтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылымен шығыс бағытта Кашгарская көшесіне дейін.

Төрағасы – Әлихан Әділқасым Карлұлы, **төрағасының орынбасары** – Смаилова Акмарал Кабилбековна, **хатшы** – Кельдыбаева Айнура Маратовна, **комиссия мүшелері** – Мнажов Жалғас Абайевич, Мақұлжанов Улан Отанғажинович, Мейрам Исламбек Болатұлы, Ремизова Светлана Анатольевна.

№110 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 76

«Мәжит Бегалин атындағы №120 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Желтоқсан көшесінен Т.Шевченко көшесінің жұп санды жағымен Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының тақ санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің жұп санды жағымен Н.Назарбаев даңғылына дейін; Н.Назарбаев даңғылының тақ санды жағымен Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының тақ санды жағымен Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің жұп санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің жұп санды жағымен Желтоқсан көшесіне дейін; Желтоқсан көшесінің жұп санды жағымен Т.Шевченко көшесіне дейін.

Төрағасы – Дерикошма Марина Николаевна, **төрағасының орынбасары** – Джаксылыкова Ирина Николаевна, **хатшы** – Жанбыр Заманбек Өмірсерікұлы, **комиссия мүшелері** – Мадышева Гулмира Тынышбековна, Абиқешева Райхан Ризабековна, Кодеков Ауезбек Тұрсынович, Сыдыков Ануар Тұрсынович.

№111 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, И.Панфилов көшесі, 127

«Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Абылай хан даңғылынан Қазыбек би көшесінің жұп санды жағымен Н.Назарбаев даңғылына дейін; Н.Назарбаев даңғылының тақ санды жағымен Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің тақ санды жағымен Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының жұп санды жағымен Қазыбек би көшесіне дейін.

Төрағасы – Исакова Жуматай Катзаевна, **төрағасының орынбасары** – Гридюшкина Нина Ивановна, **хатшы** – Крупская Татьяна Ивановна, **комиссия мүшелері** – Воронов Александр Сергеевич, Абдурахмонов Рашид Нарзулович, Калиулин Алмас Сержанович, Борибаева Динара Даулетовна.

№112 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, И.Панфилов көшесі, 139

«Орталық клиникалық аурухана» акционерлік қоғамы.

Төрағасы – Мұхамбетжан Сағадат Мақсатұлы, **төрағасының орынбасары** – Суйенбаева Сабира Мусилимовна, **хатшы** – Абдукасимова Эльмира Сериковна, **комиссия мүшелері** – Абиқенова Айман Жамбуловна, Шакиева Лариса Нурбапаевна.

№113 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 74/1

«Сұлтан-Ахмет Қожықов атындағы №39 мамандандырылған лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: С.Сейфуллин даңғылынан Н.Гоголь көшесінің жұп санды жағымен Н.Назарбаев даңғылына дейін; Н.Назарбаев даңғылының тақ санды жағымен Қазыбек би көшесіне дейін; Қазыбек би көшесінің тақ санды жағымен Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің жұп санды жағымен Әйтеке би көшесіне дейін; Әйтеке би көшесінің тақ санды жағымен С.Сейфуллин даңғылына дейін; С.Сейфуллин даңғылының жұп санды жағымен Н.Гоголь көшесіне дейін, С.Сейфуллин даңғылындағы №511/112 үйді қоса.

Төрағасы – Маликова Найла Токтамуратовна, **төрағасының орынбасары** – Сатыбалды Сәуле Артыкқызы, **хатшы** – Бексұлтан Бекзат Бакытқызы, **комиссия мүшелері** – Досымбекова Баян Казакбаевна, Өмірзақ Мағжан Қалымжанұлы, Ашитов Дилмурат Тельманович, Мукашева Асел Сабитовна.

№114 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, И.Панфилов көшесі, 68/73

«И.В.Панфилов атындағы №54 Қазақстан–Ресей мамандандырылған мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Н.Назарбаев даңғылынан Н.Гоголь көшесінің тақ санды жағымен батыс бағытта Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта Жібек жолы даңғылына дейін; Жібек жолы даңғылының жұп санды жағымен шығыс бағытта П.Чайковский көшесіне дейін; П.Чайковский көшесінің жұп санды жағымен солтүстік бағытта М.Мақатаев көшесіне дейін; М.Мақатаев көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының тақ санды жағымен оңтүстік бағытта Ә.Әлімжанов көшесіне дейін; Ә.Әлімжанов көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Ә.Әлімжанов көшесіндегі №61 үйді және М.Мақатаев көшесіндегі №82 үйді қоса алғанда Н.Назарбаев даңғылына дейін; Н.Назарбаев даңғылының тақ санды жағы бойынша оңтүстік бағытта Н.Гоголь көшесіне дейін.

Төрағасы – Ошанова Куралай Еренкаиповна, **төрағасының орынбасары** – Касымова Миннора Сауытовна, **хатшы** – Ерданинова Динара Муратбековна, **комиссия мүшелері** – Мадиярова Аида Тлевлесовна, Жаров Талгат Кабиболлаевич, Масадыхова Бибигүл Малыбаевна, Думанов Николай Федорович, Беднова Светлана Константиновна, Наливаев Руслан Андреевич.

№115 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, П.Чайковский көшесі, 7

«Алматы туризм және қонақ жайлылық индустриялық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Райымбек даңғылынан С.Сейфуллин даңғылымен оңтүстік бағытта М.Мәметова көшесіне дейін; М.Мәметова көшесімен шығыс бағытта Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесімен оңтүстік бағытта Ә.Молдағұлова көшесіне дейін; Ә.Молдағұлова көшесімен шығыс бағытта П.Чайковский көшесіне дейін; П.Чайковский көшесімен оңтүстік бағытта М.Мақатаев көшесіне дейін; М.Мақатаев көшесімен батыс бағытта Кашгарская көшесіне дейін; Кашгарская көшесі бойынша солтүстік бағытта М.Мақатаев көшесіндегі № 127/11, 131 корпус 8, 131 корпус 7, 131 корпус 6, 131 корпус 5, 131 корпус 4, 131 корпус 3, 131 корпус 2, 131 корпус 1 үйлерді қоса алғанда Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылымен шығыс бағытта С.Сейфуллин даңғылына дейін.

Төрағасы – Джибекова Кымбат Токтаровна, **төрағасының орынбасары** – Мекебаева Назым Аблезовна, **хатшы** – Абишева Айгүл Досумбековна, **комиссия мүшелері** – Керімбеков Азат Сәбитұлы, Алимбеков Хамиткан Брянович, Байсалбаева Мерейлім Коркемқызы, Дүйсенбай Сағыныш Бекұлы.

№116 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Н.Төреқұлов көшесі, 73

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Төрағасы – Шормаров Дамир Бауыржанович, **төрағасының орынбасары** – Новик Елизавета Викторовна, **хатшы** – Нурлыбаева Ракат Дуйсембековна, **комиссия мүшелері** – Селеубаев Мухтар Абагатович, Кабанбаева Жаныл Аскарровна.

№118 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, П.Чайковский көшесі, 28

«№90 мамандандырылған мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Абылай хан даңғылынан М.Мақатаев көшесінің тақ санды жағымен П.Чайковский көшесіне дейін; П.Чайковский көшесінің жұп санды жағымен, «А.Н.Сызғанов атындағы ұлттық ғылыми хирургия орталығы» АҚ қоспағанда, Ә.Молдағұлова көшесіне дейін; Ә.Молдағұлова көшесінің тақ санды жағымен Наурызбай батыр көшесіне дейін; Наурызбай батыр көшесінің жұп санды жағымен М.Мәметова көшесіне дейін; М.Мәметова көшесінің тақ санды жағымен С.Сейфуллин даңғылына дейін; С.Сейфуллин даңғылының жұп санды жағымен Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының жұп санды жағымен П.Чайковский көшесіне дейін; П.Чайковский көшесінің тақ санды жағымен М.Мәметова көшесіне дейін; М.Мәметова көшесінің жұп санды жағымен Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының тақ санды жағымен М.Мақатаев көшесіне дейін.

Төрағасы – Жакыпбеков Ерболат Еркинович, **төрағасының орынбасары** – Мусапирова Алия Кенжеевна, **хатшы** – Бакытқызы Мөлдір, **комиссия мүшелері** – Асылбек Макпал Асхатқызы, Түлегенов Адил Беласарович, Ахметов Елнар Саятұлы, Жасапбергенов Галиаскар Келгенбаевич.

№119 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 62

«А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы» акционерлік қоғамы.

Төрағасы – Каниев Шокан Ахметбекович, **төрағасының орынбасары** – Бекмағамбетова Бибигүл Төлегеновна, **хатшы** – Калужникова Татьяна Михайловна, **комиссия мүшелері** – Селеубаев Нурсұлтан Мухтарович, Шокебаев Адиль Абаевич.

№120 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 58 А

«Институт «КазНИПИ Энергопром» акционерлік қоғамы.

Шекаралары: Н.Назарбаев даңғылынан Ә.Әлімжанов көшесінің тақ санды жағымен батыс бағытта Ә.Әлімжанов көшесіндегі №61 және М.Мақатаев көшесіндегі №82 үйді қоспағанда Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының жұп санды жағымен солтүстік бағытта М.Мәметова көшесіне дейін; М.Мәметова көшесінің жұп санды жағымен шығыс бағытта Н.Назарбаев даңғылына дейін; Н.Назарбаев даңғылының тақ санды жағымен оңтүстік бағытта Ә.Әлімжанов көшесіне дейін.

Төрағасы – Токабаева Гульназ Кадырбаевна, **төрағасының орынбасары** – Айдарханбеков Елдос Алибекович, **хатшы** – Қасымбекова Айгүл Зәкірқызы, **комиссия мүшелері** – Калдыбаева Самал Берікқызы, Сакаев Олжас Серікұлы, Сүттибаева Сауле Исатаевна, Мадимаров Дамир Назарбекович, Минджин Мариямбуби Исаковна, Серикпаев Мелис Омиртаевич.

№121 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, П.Чайковский көшесі, 28

«№90 мамандандырылған мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Абылай хан даңғылынан М.Мәметова көшесінің тақ санды жағымен П.Чайковский көшесіне дейін; П.Чайковский көшесінің жұп санды жағымен Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының жұп санды жағымен Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының тақ санды жағымен М.Мәметова көшесіне дейін.

Төрағасы – Умешбаев Кульбай, **төрағасының орынбасары** – Кожахметова Хорлан Капезовна, **хатшы** – Машкова Наталья Игоревна, **комиссия мүшелері** – Сарчяновна Кунзат Ақылбековна, Төлегенов Мухтар Айтбаевич, Абраева Карлығаш Жаншйевна, Токтарбай Эльмира Нұрболқызы.

№122 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 20

«№147 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Н.Назарбаев даңғылынан М.Мәметова көшесінің тақ санды жағымен Абылай хан даңғылына дейін; Абылай хан даңғылының жұп санды жағымен Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының жұп санды жағымен Н.Назарбаев даңғылына дейін; Н.Назарбаев даңғылының тақ санды жағымен М.Мәметова көшесіне дейін.

Төрағасы – Макежанова Роза Ашимбековна, **төрағасының орынбасары** – Бурибаева Арайлым Бердибековна, **хатшы** – Мухаметкаримова Ахмарал Сайлауовна, **комиссия мүшелері** – Тұрсунов Батырбек Бекетұлы, Мейрбекова Лайла Ануарбековна, Амирханова Меиз Амангельдиевна, Мурунбаева Меруерт Исламгазиевна.

№630 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, М.Масанчи көшесі, 57 А

Алматы қаласы Полиция департаментінің уақытша ұстау изоляторы.

Төрағасы – Мухаметкалиев Булан Мажитович, **төрағасының орынбасары** – Шыныбаева Меруертхан Демежановна, **хатшы** – Талдыбаева Гулим Альмакыновна, **комиссия мүшелері** – Божеев Кайсар Аймухамбетович, Абилкаков Нурлан Кабдильмаликович.



● МЕКТЕП ФОРМАСЫ

ОҚУШЫ КИІМІ БАЛАЛАРҒА ҚОНЫМДЫ МА?

Оқушының бірыңғай мектеп формасын бір қалыпқа түсіру де оңайға түспегені белгілі. Естеріңізде болса, 2003 жылы осы төңіректе қоғамда үлкен дау туып, ақыры бір байламға келген еді. Ата-аналардың дені оқушылардың бірыңғай мектеп формасын кигенін таңдаса, енді бір топ еркіндікті қалайтындарын айтып, келісе қоймады. Ақыры, қоғам үшін де, ата-ана үшін де ыңғайлы болу үшін оқушылар қара-көк түсті мектеп формасын киетін болды. Осыдан тура 20 жыл қолданысқа енген мектеп формасына былтырғы жылы өзгертулер енгізіліп, ол 2022 жылғы 30 желтоқсанда Оқу-ағарту министрі қол қойған бұйрыққа сай 5 қаңтардан бастап күшіне енген еді.

Оқушының бет-бейнесін айқындап тұратын мектеп формасы қалай дегенде де кез келген балаға жарасымды. Әрі сол баланың мектеп оқушысы екені бірден көзге ұрып тұрады. Тіпті, балалық шақтың белгісі деп те қабылдауға болады. Дегенмен, кей ата-ана әлі күнге еркіндікті аңсайтындықтарын білдіріп қалады. Бұл ретте мектеп формасын кимей, еркін формаға көшкен балалардың арасында өзара бәсекелестік туып, киім үлгілерінен жарысып кетуі де әбден мүмкін ғой. Сондықтан қоғамдағы нәзік үзікті үзіп алмағанымыз жөн.

Сонымен, дәл қазір оқушылар мектеп формасының қоғам таңдаған түрін киіп жүр. Бұл ретте ер балаларға пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте (кардиган), поло жейде немесе тенниска деп аталатын (қыс мезгілінде: трикотаж жилет, водолазка) киіп жүр. Сонымен қатар, ұл балаларға арналған екі шалбар бар. Олар еркін тігілген және ұзындығы жағынан тобықты жауып тұрады. Ата-аналарға ыңғайлы болу үшін екі данадан тігілген. Бірін жуған кезде, екінші шалбарды ауыстырып киюге болады.

Қыз балаларға арналған мектеп формасы да дәл осындай нұсқада тігілген. Мәселен, пиджак, жилет, белдемше, шалбар, классикалық жейде, үймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте (кардиган), поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Сондай-ақ, қыз балаларға арналған шалбар да еркін тігілген, әрі ұзындығы тобықты жауып тұрады.

Ата-аналардың талабы бойынша мерекелік мектеп формасындағы ұлдарға ақ көйлек, қыздарға ақ блузка талабы алынып тасталды. Сондай-ақ, мектеп оқушыларына галстук тағу енді міндетті емес. Осы ретте мектеп формасын таңдаған кезде ата-аналардың пікірі ескерілгенін де айтып өткен жөн.

Ата-аналардың сұранысы бойынша, мектеп формасына орта білім беру ұйымының ерекшелік белгілері – эмблемасы, шеврон орналастыруға рұқсат етілді. Жалпы, ата-аналар мектеп формасының тала-



бына, түріне көңілдері толатынын айтып, осы мақсатта өткізілген жиында өз пікірлерін білдірген еді.

Қазір мектеп формасын тігетін өндіріс орындарымен қатар, жекеменшік кәсіпкерлер де жетерлік. Олар мектеп формасын жеке бизнеске айналдыра бастағандай. Сондықтан мектеп формасын таңдаған кезде ең алдымен оның сапасына мән берген жөн.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сара БИДОНҒАРОВА, дәрігер:

ҚАРА-КӨК ТҮС КӨЗГЕ ЖАҚСЫ ӘСЕР ЕТЕДІ

Біздің оқушыларымыз киіп жүрген мектеп формасы сапа жағынан да, түсі жағынан да көзге әдемі көрінеді. Әрі оқушыларға қонымды, жарасымды. Негізінен мектеп формасы үшін бірыңғай түсті таңдаған жөн. Оқушының мектеп формасы адамның көзіне де жақсы әсер етеді. Егер оқушы үстінде тор көзді немесе қара-қы-

зыл, қоңыр түсті киім болса, оған ұзақ қараған адамның көз жанары шаршап, өзіне жағымсыз әсер туғызады. Бір сыныпта отырған отыз оқушының тор көзді киіміне ұзақ қарап отыруды көзге елестетудің өзі мүмкін емес. Әлемдік ғалымдардың пікірінше, қара-көк түс баланың қабылдау ағзаларына да жақсы әсер етеді екен.



● ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Қазақстанда 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспар аясында балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олардың құқығы мен саламаттылығын қамтамасыз ету бойынша жаңа іс-шаралар жүзеге асырылатын болады. ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов тиісті қаулыға қол қойды, деп хабарлайды Primeminister.kz.

BALAQORGAN

бірыңғай байланыс орталығы
балаларға көмек көрсетеді

Құжат Мемлекет басшысының 2022 жылдың жазында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді. Оның шеңберінде облыстар, аудандар және қалалар бойынша тәуекелдердің интерактивті картасы жасалады, онда балалар арасындағы құқық бұзушылықтар, зорлық-зомбылық және қорлау фактілері, сабаққа келмеу және т.б. туралы өзекті ақпарат көрсетіледі. Бұл «дағдарысты басқару» әдісін қолдана отырып, сапалы мониторинг жүргізуге және шұғыл көмек көрсетуге көмектеседі.

Сонымен қатар, Финляндия тәжірибесі негізінде білім беру ұйымдары үшін онлайн сауалнамалар, тақырыптық сабақтар, әңгімелесу және сабақтан тыс іс-шаралар өткізуді көздейтін буллингке қарсы бағдарлама әзірлеу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, зорлық-зомбылыққа, қорқытуға не кибербуллингке ұшыраған немесе куә болған көмекке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесі бекітіледі. Бұдан басқа, кейс-менеджмент тетігін қолдану арқылы мектепшілік есепке алуды жүргізу тәсілдері өзгертілетін болады. Бұл дағдарыс жағдайын анықтаудан бастап жеке жұмыс жоспарын құру және жауапты мұғалімдерді бекіту арқылы мәселені толығымен шешуге дейінгі шараларды қабылдауды қамтиды.

Құжатты жүзеге асыру аясында балаларға арналған BalaQorgau бірыңғай байланыс орталығын құру, мектепке дейінгі, орта, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарында жеке қауіпсіздік сабақтарын енгізу, сондай-ақ балаларға арналған қауіпсіз контентті қалыптастыру үшін еліміздегі TikTok, Instagram, Facebook, Вконтакте және YouTube платформаларының өкілдерімен жұмыс жүргізу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, Кешенді жоспарда тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсету, аймақтық психологиялық қолдау орталықтарын құру, педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтардың санын көбейту, педагог-психологтардың сыныппен қосымша жұмыс уақытын енгізу және жалпы олардың жұмысын цифрландыру бойынша шаралар қарастырылған. Сондай-ақ, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, мәдени тәрбие беру және балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру, балалар спортын дамыту және көмекке толмағандарды қосымша біліммен кеңінен қамту шаралары қабылданады.

Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде балаларды қорғау және олардың бос уақытын қамту деңгейі артады, көмекке толмағандар арасындағы және оларға қатысты құқық бұзушылықтар, сондай-ақ өз-өзіне қол жұмсау фактілері мен әрекеттері айтарлықтай төмендейді деп күтілуде. Жоспарды іске асыру барысында республикада қосымша 1000 педагог-психолог пен 2000 әлеуметтік педагог даярланады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



«Lemon Land Lombard» ЖШС 2023 жылғы 5 қазан сағат 9.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі 251 А, кеңсе-1, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – **358 дана**.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А офис 1 немесе **land@lmn.kz электрондық поштасы** бойынша 2023 жылдың 4 қазан сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 9010 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2023 жылғы 5 қазан сағат 9.00-де Алматы қаласы, Өуезов көшесі 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – **885 дана**.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қаласы, Өуезов көшесі 181, 17-п. немесе **lemon@lmn.kz электрондық поштасы** бойынша 2023 жылдың 4 қазан сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 9010 телефоны бойынша алуға болады.

2023 жылғы 11 қыркүйектегі №3/370-524

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Алматы қаласы метрополитенінің екінші кезегінің үшінші іске қосу кешені (Қалқаман бекеті) объектілері құрылысы үшін, Алматы қаласы Наурызбай ауданының, Абай даңғылының бойымен Яссауи көшесінің батыс бағытынан «Қалқаман-2» шағынауданындағы Айбергенов көшесіне дейінгі жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 4 сәуіріне дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қағынастары басқармасы:
 - заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
 - жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 11 қыркүйектегі
№3/370-524 қаулысына қосымша

МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРЫЛУҒА ЖАТАТЫН
ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Мазманова Амрия Камаловна	20-322-007-343	«Қалқаман-2» шағынауданы, Өшімов көшесі, 162	0,0829
2	Мазманова Амрия Камаловна	20-322-007-344	«Қалқаман-2» шағынауданы, Өшімов көшесі, 162А	0,1258
3	Даукен Мнатбек, Мұттал Құлаш	20-322-013-379	«Қалқаман-2» шағынауданы, Аспандияров көшесі, 159	0,0944
4	Берекбусунова Гулжан Маульшарифқызы	20-322-013-377	«Қалқаман-2» шағынауданы, Аспандияров көшесі, 170	0,0384
5	Арупова Захидям Аблизовна, Арупов Кудрат Усенович	20-322-013-594	«Қалқаман-2» шағынауданы, Нұрпейісов көшесі, 171 А	0,0641
6	Кариева Гули Гилаждиновна	20-322-013-593	«Қалқаман-2» шағынауданы, Нұрпейісов көшесі, 171 Б	0,0524
7	Амангелді Назерке Ануарқызы	20-322-013-588	«Қалқаман-2» шағынауданы, Смайылов көшесі, 182 учаске	0,1910

«Alatau Aqparat» ЖШС ұжымы медиахолдинг қызметкері Бибінұр Амангелдіқызы Кәрімоваға әпкесі

Ләйлә АМАНГЕЛДІҚЫЗЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АЛҒА, ҚАЗАҚСТАН!

ҮМІТ ПЕН СЕНІМ сыйлаған жігерлі ойын болды

Өткен жексенбіде футболдан Қазақстан құрамасы 2024 жылғы Еуропа чемпионатының іріктеу кезеңінің алтыншы турында Н тобындағы Солтүстік Ирландия құрамасымен ойында жеңіске жетіп, өз жанкүйерлеріне үміт сыйлады. Осыған орай Мемлекет басшысы қазақстандық футболшылар мен жанкүйерлерді құттықтау жолдады.

Астанада өткен кездесуде ұлттық құраманы қолдауға келген жанкүйерлер арасында еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та болды. Матчтан кейін Мемлекет басшысы Қазақстан құрамасының киім ауыстыратын бөлмесіне барып, спортшыларымызды тамаша жеңісімен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жеңіс жайлы өзінің Instagram парақшасында да жазба қалдырды. *«Біздің құраманың Солтүстік Ирландияның мықты командасымен ойынына қатыстым. Кездесу қызықты және тартысты өтті. Қазақ футболшылары табанды ойында 1:0 есебімен лайықты жеңіске жетті. Қазақстан құрамасы мен мыңдаған жанкүйерлерді осынау тамаша жеңіспен құттықтаймын. «Астана жастары» еріктілерінің және басқа да ұйымдардың, сондай-ақ стадионда матчтан кейін қалып, трибуналардан қоқыстарды жинап кеткен жекелеген азаматтардың, белсенділердің бастамасын ерекше атап өткім келеді. Мен біздің спортшы-футболшыларымызды, жастарымызды мақтан тұтамын»,* – деп жазды Президент.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «**Almaty aqshamy**» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайтын немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «**Almaty aqshamy**» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **almaty-akshamy.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



САХНА

XII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ВОКАЛИСТЕР БАЙҚАУЫ

Алматы қаласы күнін тойлау және Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының 95-ші мерейтойлық театр маусымы аясында Бибігүл Төлегенованың дәстүрлі XII Халықаралық вокалистер байқауы ашылды, деп хабарлады Almaty-akshamy.kz.

Іс-шараға алыс-жақын шетелдерден 20–35 жас аралығындағы әншілер қатысуда. Іріктеу кезеңінде барлық қатысушы операдан, кантатадан, IX–XX ғ.ғ. классикасынан және т.б. 4 шығарма орындайды. Іріктеу туры 12–14 қыркүйек аралығында сағат 11.00-ден 19.00-ге дейін өтпек. Вокалистер 11–17 қыркүйек аралығында өзара сынға түседі, қорытынды турға 14 қатысушы жіберіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МАРАФОН

ЖЕЛАЯҚТАР ЖАРЫСТЫ

Алматыда Қала күні қарсаңында жыл сайынғы Charity Music Run қайырымдылық музыкалық жарыс ұйымдастырылды.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қатысушылар әртүрлі қашықтықта күш сынады. Дәлірек, 7–14 жас аралығындағы балалар үшін 2 шақырым, 15 жастан бастап – 10 шақырым, 21 шақырым және скандинавиялық жүру. Қатысушылардан және демеушілерден жиналған барлық қаражат Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының (ПӨО) реанимация бөлімін жабдықтауға жұмсалады.

Қадірқұл ДІЛБАР,
жеңімпаз марафоншы:

Тыңғылықты дайындалдым

Brief running командасында жаттығамын. Осы жарыста 5 шақырымға жүгірдім. Менің жаттықтырушым Мәди Әйтұмов жүгіруде сақталатын әрбір қимыл-қозғалысты қалай ұстау керектігін аса ыждағаттылықпен үйретті. Соның арқасында 1-орын алдым.

Осы санат бойынша алғаш рет қатысып тұрмын. Алматы



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

марафонының шеңберінде 21 шақырым қашықтыққа жүргізу межесі тұр. Осы бойынша бар күш-жігерімді салып жүрмін. Соның арасында осындай іс-шараларда жүгіріп өзіміздің көрсеткіштерімізді көрсетеміз. Алдағы жарыстарға дайындық жалғасып жатыр.

Шараны ұйымдастырушыларға алғысым шексіз. Осындай позитивті, денсаулыққа пайдалы жүгіру жарыстары көп болғай. Соның арқасында бұқаралық спорттың кең қанат жаюына тілектеспіз.

ТӘРБИЕ – ТАЛБЕСІКТЕН

«ӘКЕ – АСҚАР ТАУ, БИІК ШЫҢ»

бірінші қалалық әкелер форумы өтті

Қала күні қарсаңында Наурызбай ауданында орналасқан оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығының мәжіліс залында Отбасы күніне арналған «Әке – асқар тау, биік шың» атты бірінші қалалық әкелер форумы өтті.

Айнабай
МӘДИ

Форумға қонақ ретінде ардақты әкелер – қаламыздағы танымал кәсіпкерлер, білім саласындағы белсенділер, еңбек адамдары қатысты. Форум төрінде өзі отбасындағы жиырмасыншы ұл саналатын ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Кенжеғұл Сейітжан-ның толқи сөйлегені талай әкеге ой тастап, серпілкені сөзсіз. Форумның модераторы Алматы қалалық мәслихатының депутаты Серік Есмаев болды. «Әкелер одағы» РҚБ Алматы филиалының жетекшісі Әлихан Мұсатаев та тебірене сөйледі.

«Осы форумды ұйымдастыруға сеп боп отырған Алматы әкімдігіне, Әйелдер істері және отбасы демографиялық саясат комиссиясына алғыс айтамыз. Мына жиынға қаламыздағы қоғамдық жұмыстарда

іскерлігімен танылған қыз-келіншектеріміз тік тұрып қызмет етіп жатқанына сүйсіндік. Өздері демеушілік етіп, өздері ұйымдастырды. Осы форумның басы-қасында жүрген, әділқазы алқасының хатшысы Гүлнара Қасымбекқызына алғысымыз айрықша. Әрине, ер-азаматтарымыздың сын-сайысына баға беру бізге онайға соққан жоқ», – деді әділқазы алқасының төрайымы Зауреш Аманжолова.

Сонымен, жеңімпаз деп танылған әкелер 5 аталымда: Тәжібек Дүкенов – «Зерделі әке», Болатхан Жәкенов – «Креатив-әке», Саркытбай Рысбаев – «Шығармашыл әке», Саин Ибрагим – «Спортшы әке», Ербол Ілиясов – «Әнші әке» атанып, ақшалай және арнаулы жүлделермен марапатталды.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Алматыға іскерлік сапармен Тәжікстан Республикасының делегациясы келді

Делегация құрамы министрліктер мен ведомстволардың өкілдерінен, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамдық ұйымдарынан тұрады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Тәжікстан делегациясы сапарының мақсаты – мүгедек адамдардың құқығын қамтамасыз ету және олардың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша кеңесші институтын енгізу бойынша Қазақстанның тәжірибесін зерттеу.

Делегация өкілдері сапардың алғашқы күні Алматыдағы «Мейірім» оңалту орталығына барды. 2018 жылы ашылған бұл орталық 3 пен 15 жас аралығындағы церебралды паралич, яғни сезімталдық қабілеті, сонымен қатар, қимылдау жүйесі бұзылған, интеллектуалды дамуында ақауы бар, Даун синдромымен ауыратын балаларға арналған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Асадулло ЗИКРИХУДОВ,
Тәжікстан мүгедектер ұлттық
Бірлестігінің төрағасы:

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСАМЫЗ

Қазақстан мен Тәжікстан қай салада болсын тығыз байланыста. Қазақстанның мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған ұйымдарымен жиырма жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келе жатқанымызды атап өтуіміз керек. Алматыдағы іскерлік сапарымызды дәл осы «Мейірім» оңалту орталығынан бастаған себебіміз де осы. 13 адамнан тұратын делегация 15 қыркүйекке дейін Алматы қаласындағы маңызды орталықтарды аралайды. Сол арқылы тәжірибе де ескеріледі.

Іскерлік сапар барысында Алматы қаласы әкімдігінің басшылығымен, жергілікті мәжіліс депутаттарымен кездестік. Сапар шеңберінде алған тәжірибені өз елімізде жүзеге асыратынымызға сенемін.

Делегация Алматы қаласына іскерлік сапары аясында Алматы қаласы әкімдігі мен мәслихатының, Қоғамдық кеңестің, депутаттық корпусының және үкіметтік емес сектордың өкілдерімен кездесті.

